



ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС ФИЛОСОФИЯСЫ

4-БЕТ



ӨСІМ, ӨЗГЕРІС ЖӘНЕ ӨРЛЕУ

8-БЕТ



Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақ-
стан Республикасы Құрылтайының депутат-
тарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан
Республикасының азаматтары өз учаскесін
келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН)
енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегі-
мен;



www.gov.kz/sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті
елдімекен әкімдігінің Call-орталығына ха-
барласу арқылы. Call-орталықтардың нөмір-
лері әкімдіктердің интернет ресурстарында
қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақы-
руда орналастырылған QR-кодты пайдалану
арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық
сайлау комиссиясы.



01 745178 614887 >



РУХАНИ ШАМШЫРАҚ

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды Абай күнімен құттықтады

**Абайды тану – қазақты тану,
Адамзаттық ой-пікірге құлаш
ұру. Ал Абайды ұлықтау – азаматты-
ғыңды ұмытпау. Мәдени-рухани
өмірдің мәйегіне айналған алып мега-
полисте Абай күні жан-жақты ұлық-
талып, айрықша мерекеленді.**

Абай күні қарсаңында Алматының
қақ төрінде парасат биігін айшықтап тұр-
ған ақын ескерткіштеріне гүл шоқтары
қойылды. «Алатау» театрының алаңына
қала тұрғындары жиналып, ашық аспан
астындағы сахнадан «Абай әлемі» деген
мерекелік кешті тамашалады. Ал Медеу
ауданында ұлы ақын Абай Құнанбайұлы-
ның рухани мұрасын ұлықтауға арналған
«Абайға тағзым» атты іс-шара өтті. Тағы-
лымға толы іс-шаралар қаламыздың
әрбір ауданында ұйымдастырылып, жо-
ғары деңгейде өтіп жатты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт
Тоқаев қазақстандықтарды Абай күнімен
құттықтап, Ұлы ойшылдың шығармашы-
лық әрі зияткерлік мұрасының мән-ма-
ңызын саралады.

«Абай ілімі – рухани шамшырағы-
мыз, айнымас темірқазығымыз. Ақын
жұртшылықты толғандыратын көкейкесті

мәселелерді бүкпесіз айтып, халқымыз-
ды бейқамдық пен жалқаулықтан аулақ
болуға шақырды. Хакімнің «Толық адам»
идеясы – әрбір азаматты рухани кемел-
денуге үндейтін және ешқашан өзектілігін
жоғалтпайтын мазмұны терең тұжы-
рым», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Президент биылғы
Абай күнін «елімізде жүргізіліп жатқан
ауқымды өзгерістермен тұспа-тұс келіп
отырғанын» айрықша атап өтті.

«Қазақстанның Халық Конституция-
сы заңды күшіне еніп, биліктің барлық
институттарын түбегейлі жаңғырту
үдерісі басталды. Бұл – шын мәнінде,
ұзақ мерзімге арналған даму бағдары-
мызды айқындайтын ерекше кезең. Көп
ұзамай ел тарихында алғаш рет Құрыл-
тай сайлауы өтеді. Бір палаталы Парла-
мент реформаларды сапалы әрі тиімді
жүзеге асыруға тың серпін беретіні
сөзсіз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы
еліміздегі жаңа өзгерістердің түпкі мәні
Қазақстанды тың қарқынмен дамытуға
жол ашу екенін атай келіп:

«Бұл өзгерістердің түпкі мәні – жа-
сампаздық құндылықтарын азаматтар-
дың санасына сіңіріп, Қазақстанның тың
қарқынмен дамуына жол ашу. Біз қо-
ғамда жаңа этиканы қалыптастыру,
ұлттық бірегейлікті нығайту және гума-

нистік идеалдарды дәріптеу барысында
әрдайым Абайға жүгінеміз. Ұлы ақын
халықтың болашағы үшін білімпаздық,
еңбекқорлық, жауапкершілік сынды
қасиеттер өте маңызды екенін ұғындыр-
ды, көрегендік танытып, жұртты бірлік
пен келісімді сақтауға шақырды. Абай
қара сөздерінің тағылымы қазіргі
Қазақстанның құндылықтарымен толық
үндеседі. «Адал Азамат», «Таза Қазақ-
стан», «Заң мен Тәртіп» тұғырнамалық
идеялары – Абай армандаған берекелі
қоғамның берік негізі. Сондықтан біз
Әділетті, Озық әрі Қуатты Қазақстанды
құрып жатырмыз.

Ұлы ойшылдың мол мұрасы алдағы
уақытта да өскелең ұрпақты шынайы
отаншылдық пен туған елге сүйіс-
пеншілік рухында тәрбиелеу ісінде ру-
хани азық болады деп сенемін», – деп
тұжырымдады.

Абай күні – қазақтың сыни пайымын
саралауы, хакім өнегесіне иек арта оты-
рып озық көзқарасы мен ұлттық болмы-
сын тануы, адамзаттық құндылықтар мен
мемлекеттік мұратын айқындау құлшы-
нысы. Абай күнінің басты мәні – Абай
мұрасын қоғамдық-саяси, рухани-мәде-
ни өмірімізге өзек еткен кезде шындап
нығая түседі.

Дастан ҚАСТАЙ.

САЯСИ БӘСЕКЕНІҢ ЖАҢА СИПАТЫ

Сайлаушылар үшін салыстыру мүмкіндігі көбейді

Құрылтай сайлауы қарсаңындағы үгіт-насихат қыза түсті. Партиялар өз бағдарламаларын таныстырып, сайлаушылармен түрлі форматта байланыс орнатуға ұмтылуда. «Қазақстан» және «7 арна» телеарналарында өткен алғашқы екі дебат та осы үдерістің маңызды бөлігіне айналды. Жалпы алғанда, қазіргі науқаннан саяси бәсекенің біртіндеп мазмұндық сипат алып келе жатқанын байқауға болады. Ең бастысы, сайлаушы үшін ақпарат пен салыстыру мүмкіндігі көбейіп отыр.

Дебат мәдениеті қалыптасып келеді

Сайлау науқанының сапасын бағалауда оның қаншалықты ашық пікірталасқа мүмкіндік беретіні маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақстан» телеарнасы мен «7 арнада» өткен екі дебаттың өтуі назар аударарлық құбылыс.

Саясаттануда саяси бәсеке билікке ұмтылған күштердің өзара жарысы ғана емес, қоғамға балама саяси ұсыныстарды таныстыру тетігі ретінде қарастырылады. Роберт Дальдың плюралистік демократия туралы тұжырымдамасында саяси жүйенің маңызды сипаттарының бірі ретінде әртүрлі мүдделердің саясатқа қатысу мүмкіндігі қарастырылады. Яғни бәсекенің мәні қарсыласты жеңумен ғана шектелмейді. Оның мәні қоғамдағы әртүрлі сұраныстардың саяси кеңістікте көрініс табуында.

Осы тұрғыдан алғанда, дебаттардың маңызы арта түседі. Теледебат саяси партияларға өз бағдарламасын таныстырумен қатар, оны көпшілік алдында қорғауға мүмкіндік береді. Қарсы тараптың сұрағына жауап беру, басқа ұстаныммен келіспейтін тұсты дәлелдеу, өз ұсынысының артықшылығын көрсету саяси коммуникацияның сапасына тікелей әсер етеді. Дебаттың ерекшелігі де осында. Алдын ала дайындалған үгіт мәтінінен айырмашылығы, пікірталаста саяси субъект өзінің аргументацияға қабілетін көрсетуге тиіс. Бұл сайлаушыға саясаткерлердің тек не айтатынын емес, қалай ойлайтынын және пікір қайшылығына қалай жауап беретінін бағалауға мүмкіндік береді.

Мұны Юрген Хабермас ұсынған делиберативті демократия тұжырымдамасымен байланыстыруға болады. Оның тео-

риясында демократияның маңызды элементі қоғамдық мәселелерді ашық талқылау және пікірлерді рационалды аргумент арқылы негіздеу болып саналады. Әрине, телевизиялық дебатты толыққанды делиберативті демократияның үлгісі деуге болмайды. Бірақ оның логикасында ортақ ұқсастық бар. Партияның немесе саясаткердің саяси ұстанымы қоғам алдында айтылып, оған жауап беріледі және кез келген азамат оны бағалай алады. Сондықтан қазіргі дебаттарды саяси мәдениеттің қалыптасуындағы шағын, бірақ маңызды алаң ретінде қарастыруға болады.

Бұл жерде сын мен пікір қайшылығынан қорқудың қажеті жоқ. Керісінше, саяси бәсекенің табиғаты әртүрлі көзқарастың болуын талап етеді. Бастысы, пікірталастың жеке тұлғаға емес, идеяға, бағдарламаға және нақты шешімдерге құрылуы. Егер саяси партиялар бір-бірін сынаумен қатар өз баламасын ұсына алса, бәсеке мазмұнды сипат алады.

Қоғам назары

Кез келген сайлау науқаны туралы сөз болғанда, назар көбіне қай партияның басым екеніне немесе кімнің үгіті сәттірек жүріп жатқанына ауады. Алайда, саясаттану тұрғысынан бұдан да маңыздырақ мәселе бар. Ол саяси бәсекенің қоғамға қандай мүмкіндік беріп отырғаны. Бәсеке болған жерде саяси күштер сайлаушының сұранысына көбірек көңіл бөледі. Өз бағдарламасын түсіндіруге, қоғамдық мәселелерге қатысты ұстанымын айқындауға, қарсы тараптан ерекшелігін көрсетуге тырысады. Бұл өз кезегінде саяси күн тәртібінің мазмұнына байытады.

Құрылтай сайлауы алдындағы науқан



нан осы үрдісті байқауға болады. Партиялар үшін қазір тек өздерін таныстыру емес, қоғамға қандай шешім ұсынатынын көрсету маңызды болып отырғандай. Сайлаушы да біртіндеп «кім жақсы сөйлейді?» дегеннен гөрі «кімнің ұсынысы мен үшін маңызды?» деген сұраққа назар аударуға мүмкіндік алады.

Бұл жерде ақпараттық кеңістіктің рөлі ерекше. Қазіргі сайлаушы бір ғана ақпарат көзімен шектелмейді. Теледидардағы дебатты көреді, интернеттегі материалды оқиды, әлеуметтік желідегі пікірлерді қарайды. Бір саяси мәлімдеменің өзі бірнеше ортада талқылануы мүмкін. Саяси коммуникацияның осындай көп арналы болуы партияларды да өзгеруге мәжбүрлейді. Қоғаммен сөйлесудің тілі қарапайым әрі түсінікті болуы керек. Ұзақ декларациялардан гөрі нақты мәселе мен шешімге сұраныс артады.

Бұл үдерістің тағы бір жағымды тұсы бар. Ол саяси партиялардың қоғаммен байланысын сайлау науқанының шеңберінен шығаруға мүмкіндік береді. Егер партиялар сайлаушы көтерген мәселе-

лерді науқан аяқталғаннан кейін де назарда ұстаса, қазіргі бәсекенің нәтижесі институтоналдық тұрғыдан маңызды болмақ.

Дегенмен, саяси партиялар бір-бірін жоққа шығаруға емес, өз ұсынысының тиімділігін дәлелдеуге ұмтылса, мұндай бәсеке қоғамға пайдалы. Егер пікірталас жеке сыннан гөрі бағдарламалар мен идеяларды салыстыруға негізделсе саяси мәдениетті байытады. Ал сайлаушы осы процестің белсенді қатысушысына айналса, сайлау науқанының қоғамдық мәні одан әрі күшейеді.

Құрылтай сайлауы алдындағы алғашқы дебаттар осы бағыттағы үдерістің басталғанын көрсетіп отыр. Алдағы уақытта пікірталастардың мазмұны тереңдеп, партиялардың нақты ұсыныстары көбірек салыстырылған сайын саяси бәсекенің сапасы да арта түсуі мүмкін. Бұдан партиялар, қоғам мен мемлекет ұтады.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
(Сурет: ЖИ)

МӘМС

Елімізде МӘМС қаражатын негізсіз төлемдерден қорғаудың жаңа жүйесі құрылуда. Яғни Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық ұйымдарға ақша аударылғаннан кейін емес, төлем жасалғанға дейін бұзушылықтарды анықтайтын бақылау моделіне көшіп жатыр.

Қаражатты қорғаудың жаңа моделі

Бұл жұмыс Қордың 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыратын және елімізде денсаулық сақтауды қаржыландыруды мемлекеттік басқарудың жаңа моделіне көшіру іс-шараларының негізгі бағыттарының бірі.

Құқық қорғау органдары тергеп жатқан қазіргі эпизодтар жүйенің бұрынғы жұмыс кезеңдеріне (2024-2025 ж.ж.) қатысты. Материалдардың едәуір бөлігін Қордың өзі бақылау іс-шаралары барысында анықтап, процестік шешімдер қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жолдаған.

Бұзушылықтар іс жүзінде көрсетілмеген медициналық көмекті көрсету, қызмет көлемдерін қосып жазу, азаматтарды жалған бекіту, пациенттердің дербес деректерін заңсыз пайдалану, сондай-ақ МӘМС қаражатын заңсыз алудың басқа да схемаларымен байланысты.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысында Қор жалпы сомасы 4,5 млрд. теңгені құрайтын бұзушылықтар жөніндегі 72 материалды құқық қорғау органдарына жолдады. Олардың қарау нәтижесінде 27 қылмыстық іс тіркеліп, олар бойынша келтірілген залалдың белгіленген мөлшері 3,7 млрд. теңгені құрады. Салыстыру үшін айтар болсақ, 2025 жылдың толық кезеңінде 630 млн. теңге сомасына 73 материал жолданып,

олар бойынша 8 қылмыстық іс тіркелген. Қордың ұстанымы қағидатты әрі өзгеріссіз: МӘМС қаражатын заңсыз пайдаланудың әрбір расталған фактіге объективті құқықтық баға беріліп, кінәлі тұлғалар заңнамаға әйкес жауапкершілікке тартылуға, ал мемлекетке келтірілген залал өтелуге тиіс.

Жаңа модельдің маңызды элементі қоғамдық бақылау тетіктерін дамыту болмақ. Әрбір азамат өзінің атына тіркелген медициналық қызметтерді жедел тексеріп, іс жүзінде мұндай көмек көрсетілмеген жағдайлар туралы хабарлай алады. Мұндай өтініштер тексерулер жүргізуге арналған тәуекел индикаторларының қосымша көзі ретінде пайдаланылды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқарма төрағасы Гүлмира Сәбденбек бақылауды күшейту бір реттік науқан емес, денсаулық сақтаудағы қаржылық басқарудың жүйелі реформасы екенін баса атап өтті.

Бүгінгі күні 5,5 млн. -нан астам қазақстандық МӘМС жарнасын төлеп, аударым жасайды. Жаңа бақылау жүйесі олардың әрқайсысына МӘМС қаражаты тек нақты көрсетілген медициналық көмекке жұмсалып, мақсатты бағытта пайдаланғанына қатаң бақылау жасалғанына сенімді болуға мүмкіндік береді.

Нұржамал ӘЛІШ.

САЙЛАУ ҚАРСАҢЫНДА

Еңбек адамының ұстанымы



Алматының еңбек ұжымдары алда Аәтетін Құрылтай сайлауына бір кісідей атсалысатындарын айтты. Сондай-ақ, алматылықтарды дауыс беруге белсене қатысуға шақырды.

Қаланың Индустриялық аймағындағы газоблок шығаратын «SAPA INDUSTRY GROUP» ЖШС мен фибропанель өндіретін «TOP FIBER PANEL» ЖШС-нің, сондай-ақ «Казлегпром-Алматы» ЖШС мен «Асфальтобетон 1» ЖШС-нің еңбеккерлері қоғамның белсенді азаматтық ұстанымы еліміздің бірлігі мен тұрақтылығын нығайтып, оның одан әрі дамуына ықпал етеді дейді.

Олардың айтуынша, дауыс беруге қатысу – жауапкершіліктің көрінісі әрі әр қазақстандықтың елдің дамуына үлес

қосуына берілген мүмкіндік екенін атап өтті. Жұмысшылар сайлау күні әріптестерімен, отбасы мүшелерімен бірге сайлау учаскесіне барып, саналы таңдау жасайтындарын жеткізді. Сондай-ақ, олар қала тұрғындарын осынау маңызды күннен шет қалмай, өзінің конституциялық дауыс беру құқығын пайдалануға шақырды.

«Казлегпром-Алматы» ЖШС қызметкері Айнұр

Жөкежанова жарқын болашақ бүгін қабылданатын дұрыс таңдаудан басталатынын атап өтті. Оның айтуынша, кәсіпорын ұжымы адал еңбекті, бірлікті жоғары бағалап, ұлттық мүддені бәрінен биік қояды.

Ал «Асфальтобетон 1» ЖШС қызметкері Ильшат Иминов күнделікті еңбек елдің дамуына бағытталғанын айтып, сайлауға қатысу мемлекеттің жаңғыруы мен гүлденуіне сеп болатын қадам екенін айтып отыр.

Іргелі кәсіпорындарда өткен кездесу азаматтарды алдағы сайлау туралы ақпараттандыруға бағытталған қоғамдық науқанның бір бөлігіне айналып, түрлі мамандық пен әртүрлі жастағы азаматтарды ұйыстыра түскендей.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

Алматыда Қазақстан–Қытай Бірлескен жер сілкінісін зерттеу орталығы ашылды. Салтанатты рәсімге Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды және Қытай Халық Республикасының Алматыдағы Бас консулы Су Фанцю қатысты.

Орталық сейсмология саласында қазақстандық және қытайлық ғалымдардың бірлескен зерттеулер жүргізуіне арналған ғылыми алаң болады. Мұнда жер сілкіністерін бақылау, болжау және олардың қаупі туралы алдын ала ескертуге бағытталған заманауи технология әзірленіп, әрі қарай жетілдіріледі. Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов жиналғандарды өңір үшін маңызды орталық ғимаратының ашылуымен құттықтады. Оның айтуынша, өткен жылы Қазақстан мен Қытай мемлекеттерінің басшылары қатысуымен сейсмикалық тәуекелдерді азайту саласындағы өзіндік түсініктік және ынтымақтастық туралы үш жақты меморандумға қол қойылған.

– Алматыда болашақ Қазақстан–Қытай Жер сілкіністерін зерттеу жөніндегі бірлескен ғимаратының ашылуы – осы ынтымақтастықты іске асыру жолындағы нақты қадам. Орталық екі елдің ғылыми әлеуетін біріктіріп, сейсмикалық деректермен алмасуға, зерттеуге, заманауи технологияларды меңгеруге және ерте ескерту жүйесін дамытуға мүмкіндік береді, – деді Шыңғыс Әрінов.

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды бірлескен орталықтың ашылуы Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі дамытудағы, сондай-ақ сейсмология ғылыми зерттеулер және табиғи зілзалалар қаупін азайту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды белес екенін атап өтті.

– Бұл орталық екі елдің бірлескен бас-тамасымен жүзеге асырылды. Жоғары сейсмикалық белсенділік аймағында орналасқан Алматы үшін сейсмикалық қауіпсіздік мәселесі ерекше маңызға ие.



Мемлекеттер басшыларының қолдауы және бейінді ведомстволардың бірлескен жұмысының арқасында жаңа болжам және ерте ескерту технологиялары әзірленетін заманауи алаң құрылып отыр. Оның қызметі заманауи ғылыми әзірлемелерді тәжірибеге енгізуге, озық тәжірибемен алмасуға, сондай-ақ қала мен өңірдің сейсмикалық қауіпсіздік деңгейін артты-

руға мүмкіндік береді, – деді қала басшысы.

Сондай-ақ, іс-шара барысында Қазақстан мен Қытайдың ғылыми ұйымдары Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ұлттық сейсмологиялық бақылаулар мен зерттеулер ғылыми орталығы» ЖШС мен ҚХР Жер сілкіністері жөніндегі әкімшілігінің Геофизика

институты арасында геофизика және сейсмология саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бірлескен жобаны іске асыру Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми өзара іс-қимылдың жаңа кезеңіне жол ашпақ.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Сарапшылар сайлауды талқылады

Алматы қаласында Философия, саясаттану және дінтану институтының базасында «Құрылтай сайлауы – Әділетті Қазақстанды жүзеге асырудың жаңа кезеңі» тақырыбында сарапшылық отырыс өтті.

Жиын барысында алдағы Құрылтай сайлауының қоғамдық-саяси маңызы, оның елдің саяси жүйесін одан әрі жетілдірудегі, қоғамдық диалогты нығайтудағы және «Әділетті Қазақстан» бағытын іске асырудағы рөлі талқыланды.

Іс-шараға қатысушыларға Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Айгүл Сәдуақасова құттықтау сөз сөйледі. Сарапшылық отырысты Институттың Салыстырмалы саяси зерттеулер орталығының жетекшісі Айдар Әмірбаев жүргізді.

Талқылауға «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры Андрей Чеботарев, Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері Асқар Шоманов, «Еуразия әлемі» ақпараттық-талдау журналының президенті әрі бас редакторы Эдуард Полетаев, тәуелсіз саясаттанушы Асқар Нұрша және сарапшылық-ғылыми қауымдастық өкілдері қатысты.

Сарапшылар Құрылтай институтын одан әрі дамыту, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ Қазақстанның

қоғамдық-саяси дамуындағы өзекті үрдістер жөнінде пікір алмасты.

Жиында азаматтардың электоралдық белсенділігіне де ерекше назар аударылды. Қатысушылар сайлау құқығын жүзеге асыру мен қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді араласу азаматтық жауапкершіліктің маңызды көрінісі екенін атап өтті. Олардың пікірінше, азаматтардың белсенді ұстанымы ашық әрі әділетті қоғам қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, сарапшылар мемлекеттік маңызы бар шешімдерді қабылдау үдерісіндегі қоғамдық қатысудың рөлін талқылады. Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы сындарлы диалогты дамыту қоғамның саяси институттарға деген сенімін нығайтып, қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Жиында Құрылтай сайлауы қоғамдық өкілдік жүйесін институционалдық тұрғыдан одан әрі дамытудағы маңызды кезең ретінде бағаланды. Сарапшылар оның азаматтардың қоғамдық-саяси үдерістерге қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, жалпыұлттық диалогты нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Іс-шара қорытындысында қатысушылар Құрылтай сайлауының маңызын атап өтіп, азаматтардың елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласуы мемлекеттік және қоғамдық институттардың одан әрі дамуына оң әсер ететінін жеткізді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Қаймықпай, кәсіп ашыңыз!

Шаһарда кішкентай бұйымдардан бастап, көлік шығаратын зауыттарға дейін үлкенді-кішілі кәсіпорындар ашып, кәсібін өрбітіп жатқандар жетерлік. Кәсіпкерліктің дамуына мемлекеттік қолдау тетіктерінің сәтті жүзеге асуы да көмектесіп отыр. Мәселен, енді алматылықтар шағын бизнесті дамытуға 86,5 млн. теңгеге дейін жеңілдетілген несие ала алады.

Мегаполисте «Almaty Business – 2030» өңірлік бағдарламасы аясында кәсіпкерлер шағын және микробизнесі дамыту үшін жылдық 6% немесе 9% мөлшерлеменен жеңілдетілген несие беріледі. Қаржыландыруды «Алматы» ӘКК-нің еншілес ұйымы – «Almaty» микроқаржы ұйымы жүзеге асырады. Бір қарыз алушыға берілетін несиенің ең жоғары сомасы – 86,5 млн. теңгеге дейін. Инвестициялық мақсаттарға берілетін несиенің мерзімі – 7 жылға дейін, ал айналым қаражатын толықтыру – 3 жылға дейін белгіленген.

Жылдық 6% мөлшерлеменен берілетін несиелер арнайы салық режимін қолданытын кәсіпкерлерге, әлеуметтік кәсіпкерлерге, Алматы индустриялық аймағы мен шағын өнеркәсіп парктерінің резид-

денттеріне, сондай-ақ шағын өнеркәсіп парктерін салу, жәрмеңкелер, гастрокөшелер, креативті хабтар мен коворкинг орталықтарын ұйымдастыру, креативті индустрияны дамыту және инновациялық бизнеске арналған инфрақұрылым құру жобаларын іске асыруға ұсынылады.

Жылдық 9% мөлшерлеменен шағын және орта бизнестің өзге жобалары қаржыландырылады. Бағдарлама бойынша басым бағыттардың қатарында өндіріс, өңдеу өнеркәсібі, туризм, уақытша орналастыру қызметтері, креативті және IT-индустрия, мектепке дейінгі білім беру салалары бар. Одан бөлек, гастрокөшелерді дамыту, Алматы тау кластерін дамыту және бірегей тұжырымдамасы бар нысандарды, оның ішінде ұлттық тағам ұсынатын мейрамханаларды ашу аясында қоғамдық тамақтану саласында жүзеге асырылатын жобалар да бағдарламаға енгізілген.

Айта кеткен жөн, бағдарламаға қатысудың негізгі талаптарының бірі – кәсіпкерлік қызметті Алматы қаласының аумағында жүргізу. Жеңілдетілген несиелеу шарттары туралы толық ақпаратты +7 (727) 390-80-42 телефоны арқылы немесе mfoalmaty.kz сайтынан алуға болады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

Дана САДЫРҚАН.
Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ЖЕТИСУ АУДАНЫ

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛДЫ

Жетісу ауданы тұрғындары «Халық қатысатын бюджет» жобасына белсенді түрде қатысып келеді. Соңғы жылдары осы жобаның арқасында ауданның жоғы табылып, жыртығы бүтінделді. Ұзақ жылдар бойы жөндеу көрмеген көпқабатты үйлер мен жекеменшік секторлардың аулалары көзтартарлық күйге енді.

Мәселен, билтыр осы жобаға қатысу үшін ең көп өтінім Жетісу ауданы тұрғындарынан түскен болатын. Тек осы ауданнан 1319 өтінім келіп, 25 жоба таңдап алынған еді. Онда тұрғындар аулаларды абаттандыру, қоғамдық орындарды жөндеу, өзен жағалаулары мен саябақтарды жаңарту сынды мәселелерді жеткізді. Сол жолы Ратушный көшесіндегі №94 үйдің аулаларын жаңарту туралы айтылған ұсынысқа қала басшылығы да қолдау білдірді. Осылайша осы маңдағы 3 ойын алаңы жөнделіп, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жабдықталды. Аулаларға ландшафт дизайн арқылы демалатын орындар, көгалдандырылған жерлерге автополив жүйесі орнатылды.

«Біз тұрғындарға безендірген аулаларды ары қарай осы деңгейде ұс-

тау, ол – сіздердің басты міндеттеріңіз. Барлығы сіздердің игіліктеріңіз үшін жасалып жатыр. Мұның әлі талай ұрпақ пайдасын көруге тиіс, – деп айттық. Сол кезден бастап тұрғындар өте белсенді араласты. Кез келген жобаны қолға алғанда көгалдандыруды, ойын алаңдарын дәл осы қалыпта ұстауды өз міндеттеріне алып отыр. Біз әрбір жобаны іске асырған кезде тұрғындармен ақылдасып, дизайны қандай болу керек, қандай гүл отырғызу керек, қандай ағаш отырғызу керек, бәрін-бәрін ақылдасып отырғыздық. Бұл күні ертең күтіп баптаған кезде өздеріне ыңғайлы болу үшін өте маңызды», – дейді Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы.

Рая ЕСКЕНДІР.



АЛАТАУ АУДАНЫ



Жаңа оқу жылына тарту

Алатау ауданында жыл соңына дейін жалпы сыйымдылығы 4300 орынды төрт мектепті ашу жоспарланып отыр. Бұл туралы аудан әкімдігінің өкілдері айтты.

Жаңа оқу жылында «Зерделі» шағынауданындағы 550 орынды №178 лицей, «Ақмаржан» шағынауданындағы 2 мың орынды №230 мектеп және «Ғажайып» шағынауданындағы 1200 орынды жаңа мектеп оқушыларды қабылдайды. Ал «Қарасу» шағынауданындағы №160 мектепті биылғы қараша айында пайдалануға беру жоспарланған.

«Саялы» шағынауданында тәулігіне 200 келушіге арналған отбасылық дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, мұнда балаларды үйірмелерге қабылдау жүргізіліп жатқан Инновациялық шығармашылық орталығы салынды.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасуда. 2026 жылы

«Рахат–Мәдениет» және «Шапағат» шағынаудандарында ұзындығы 177,8 шақырым болатын су құбыры мен кәріз желілерін пайдалануға беру жоспарланған. Бұл шамамен, 19 мың тұрғынды инженерлік қызметтермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. «Теректі» шағынауданында қосымша 92,2 шақырым инженерлік желі салынып жатыр.

Сонымен қатар, жалпы ұзындығы 61,1 шақырым болатын 95 көшеде орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ұзындығы 3,2 шақырым болатын Саин көшесі аумағының құрылысы аяқталды. «Боралдай», «Рахат–Мәдениет» және «Теректі» шағынаудандарында жұмыстар жалғасуда.

Дана САДЫРҚАН.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

«Ауламыздың ажары ашылды»

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді көріктендіру жұмыстары жалғасуда. Мәселен, Әуезов ауданында биыл тұрғындардың ұсынысы негізінде 29 жоба іске асырылуда.

Әуезов ауданы әкімдіктері өкілдерінің мәліметінше, аяқталған жобалардың қатарында Жандосов көшесі, 182А және Афцинао көшесі, 4 мекенжайларындағы аулалар бар. Жандосов көшесі, 182А мекенжайындағы аулада жарықдиодты шамдары бар жаңа жарық тіректері орнатылып, бастырма астына қосымша жарықтандыру жүйесі жүргізілді. Сондай-ақ, бейнебақылау жүйесі мен қоршау

орнатылып, жаңа электрмен жабдықтау желілері тартылды.

Балалар ойын алаңы толық жаңартылып, қауіпсіз тартан жабыны төселді. Мұнда ойын кешендері, әткеншек, сырғанақ, батут, күрке және өзге де ойын құрылымдары орнатылды. Спортпен шұғылдануға арналған воркаут алаңы, ашық аспан астындағы тренажерлар алаңы, үстел теннисі үстелі мен бастырма жабдықталды. Отбасылық демалысқа арналған пергола да орнатылды.

«Ауламыз адам танымастай өзгерді. Енді мұнда балаларға арналған заманауи әрі қауіпсіз алаң бар, жарықтандыруда жақсы, спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған. Ең бастысы – тұрғындардың ұсынысы ескеріліп, жүзеге асқаны қуантады. Осындай жұмыс үшін алғысымды білдіремін!», –

деді жақын маңдағы үйдің тұрғыны Темірлан.

Тағы бір аула Афцинао көшесі, 4 мекенжайында көркейтілді. Мұнда әртүрлі жастағы балаларға арналған ойын кешендері, батут, әткеншек, карусель, тепе-теңдікті дамытуға арналған ойын құрылғылары мен күрке орнатылды. Сонымен қатар, екі воркаут алаңы жабдықталып, аумақтың жарықтандыру жүйесі жаңартылды.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



АБАЙҒА БАСТАҒАН АЛЫПТАР



Қазақ әдебиеті мен көсемсөзінің көрісін кеңейткен заңғар ғалым Бейсенбай Кенжебаев Абай туралы мақаласында былайша толғанады: «Жаңашыл Абай қазақ халқының барлық салада – саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен әбден жетілуін арман етіп жырлайды. Көптеген өлең-жырлары мен қара сөздерінде ақын бұқараға ақыл-өсиет айтады, жөн-жосық сілтейді, оларды адамгершілікке, өнер-білімге, еңбекке, игілікті кәсіпке үндейді».

Ал ғалымның шәкірті, көрнекті жазушы әрі ғалым Мұхтар Мағауин ұлы ақын халқында: «Қазақтың қасиетін тану – Абайды танудан басталмақ. Халқымыздың сөз өнерін зерделеу – Абай тағылымын бағамдаудан көрінеді. Абай – қазақ тарихындағы қайталанбас сом тұлға. Абай биігі – халқымыздың көркемдік ой-танымында ешкім жетпеген заңғар. Университет қабырғасында жүргенде ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің: «Менің тілімде Абай тілінің мәдениеті бар», – деп балаша мақтанғаны көкейде қалыпты», – деп естелік толғайды. Кейін абайтанудың өзекті мәселелеріне тоқталып: «Ол кезде «Абайтану» дейтін арнайы курс, дамыған өрісті ғылым бар еді. Мұхаң дүниеден көшкелі отыз жылға ойысты. Мәдениеттің, өнердің, ғылымның барлық саласында өскенімізге күмән жоқ. Бірақ ұлы шәкірт – ұлы ұстаз негіздеген ғылымның «тануы» кетіп, Абайы ғана қалыпты», – деп түйіндейді.

Задында, «тануы» кетіп, Абайы ғана қалған ғылымның хәлін былай қойғанда, насихаты зор, ал оқылымы бәсең Абай мұрасын құнттау жағынан да көп есе жіберіп алғандаймыз. Абайтану ғылымының түпнегізіне ұласамыз десек, оның бастау-бұлағын танымақ лазым.

Бастау-бұлағы

Абайтанудың бастау-бұлағы Алаш сөзінен, Алаш кезеңінен басталмақ. Тұңғыш сұрлеу салып, абайтану ғылымының негізін қалаған – ұлт қайраткері Әлихан Бөкейхан. Ол Абай хақындағы мол деректі жүйелеп, ғылыми айналымға енгізді.

Әлихан Бөкейхан 1903 жылы жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көптомды еңбекте қазақ әдебиеті мен мәдениетіне шолу жасай келіп, Абай туралы былай деген:

Қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты – формасы жағынан сұлу, мазмұны поэтикалық (әсіресе, табиғат суреттері) көптеген өлеңдердің авторы ретінде атауға болады. Осы автор «Евгений Онегин» мен Лермонтовтың өлеңдерін аударған (олар қазақтарға өте түсінікті болды). Сондықтан Семей әншілерінің аузынан, мысалы, өз мақамына салып айтатын «Татьянаның хатын» естуге болады».

Алаш серкесі Абай мұрасын зерттеуді қолға алып, ақынның алғашқы жинағының жарық көруіне мұрындық болды. Абайтанушы Қайым Мұхаметханов 1995 жылы жарық көрген «Абай энциклопедиясында» бұл тұжырымды аша түсіп: «Халық дастандарына сипаттама беріп, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырына ерекше көңіл аударады. Шортанбай, Ноғайбай сияқты ақындарды атап өтіп, Абайға бөлек тоқталады. Оны қазақтың жаңа әдебиетінің көшбасшысы ретінде бағалайды... Сөйтіп, Абайдың көзі тірісінде оны оқырман қауымға таныстырған адам – Әлихан Бөкейхан», – деп жазады.

Әлихантанушы Сұлтанхан Аққұлұлы да «Абайтану бір хаттан бастау алды» деген мақаласында мынадай дерек келтіреді: «... Қазіргі абайтанудың шыңы Мұхтар Әуезов пен оның «Абай жолы» роман-эпопеясы болса, абайтанудың бастауы – Әлиханнның бір хаты еді. Ұлы ақын дүние салғанда, Алаш серкесі Омбыдан марқұмның балаларына қаралы хат жолдайды. Осы хаттан кейін ол Абай шығармаларын жинап бастыру мен зерттеу ісін мықтап қолға алды».

Шындығында, хакім Абай дүниеден өткен соң жеті айдан кейін, яғни 1905 жылы Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің «Семипалатинский листок» газетінде Әлихан Бөкейханның азалы

ғұмырнамасы жарық көреді. Қазанама соңында деректерді ретке келтіріп, баспаға ұсынған Кәкітай Ысқақов екені көрсетілген.

«Қазақтың бас ақыны»

Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп танып, оның шығармашылығын ғылыми негізде терең талдады. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №43 санында жарияланған сүбелі мақаласында:

«Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда біз білетін ақын болған жоқ. Заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірің, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады», – деп баға береді.

Ахмет Байтұрсынұлы Абай өлеңдерінің формалық әрі мазмұндық сипаттарына, поэтикалық құрылымына ғылыми талдау жасады. Өлең өрнегіндегі бунақ пен тармақтың үйлесімін зерттеп, сыни пікірлерін де білдірді. Академик Зейнолла Ахметов бұл сабақтастық туралы: «Жаңа реалистік жазба әдебиеттің негізін салған ақын тұлғасының жан-жақты болуы заңды. Оған ілесе шыққан Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет пен Міржақып сияқты көрнекті ақындардың қай-қайсысы болсын ізашар ақынның дәстүрін өз қолтаңбасына сай жалғастырды», – деп жазады. Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы «Әдебиет таңытқыш» еңбегінде Абай поэзиясынан мол мысал келтіріп, оның көркемдік-эстетикалық қуатын, идеялық мазмұнын жоғары бағалады. Оқулықтары мен ғылыми зерттеулері арқылы ол абайтану ғылымының қалыптасуына әрі ұлттық сананың серпілуіне өлшеусіз үлес қосты.

Ғалым Абай поэзиясының поэтикалық қабаттарын терең зерделейді. Түр мен мазмұн сипаттарына тоқталады. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысының» теориялық сипаттарына тоқтала отырып, өлең құрылымының тармақ, бунақтарына ерекше мән береді. Өзі кемшілік деп тапқан тұстарға ғалым былайша тоқталады: «Енді бунақтар орын талғайды дегенді баяндайық. Бунақтардың талғайтын орындары тармақтардың басында және ортасында болады. Шумақ ішінде бунақтар тармақтардың басында иә ортасында бірыңғай

болып келуге тиіс. Мәселен, бір тармақтың басында үш буынды бунақ келсе, басқа тармақтар да солай келуі тиіс. Әйтпесе, өлең өлеңдігінен айырылмағанмен, жорғағынан жаңылады, айтуға ауырлық келтіреді. Бұл кемшіліктен қазақ ақындарының көбінің ақ сөзі аман емес. Әсіресе, Абай өлеңдерінде көбірек ұшырайды. Мұндай кемшілігі бар өлеңдерді сол күйінде өзгертпей әнге қосуға болмайды. Бірақ бұл жоғарыда таңдау орын туралы айтылғандай, түзеуге келмейтін кемшілік емес, көбінесе бұл түзетуге келетін оңай кемшілік».

Абайда кездесетін ұйқас түрлері, өлең өлшемі А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағындағы туындыларда қайталанатын. Абайдың ақындық мектебінен А.Байтұрсынұлының үлгі алғанын, өлең өрнегіндегі жақсы дәстүрді жалғастырғанын академик З.Ахметов: «Жаңа реалистік жазба әдебиеттің негізін салған, ұлттық сөз өнеріндегі жаңа дәстүрді бастаушы болған ақын тұлғасы осындай жан-жақты болуы да тегін емес дейміз. Сонда оған ілесе шыққан аса көрнекті ақындардың – Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың қайсысы болсын алдындағы ізашар ақынның дәстүрлерін өз шығармашылық өнерінің өзгешелік сипатына сәйкес өзінше жалғастырғаны заңды құбылыс болып шығады», – деп жазады.

Абайтану шыңы

Заңғар жазушы, Абайтану ғылымының аса көрнекті өкілі саналатын Мұхтар Әуезов Абайды зерттеуді өте ерте бастады. 1918 жылы, бар-жоғы 21 жасында «Абай» атты тұңғыш мақаласын жазды. Бұл кейін оның бүкіл саналы ғұмырының негізгі ғылыми-көркемдік миссиясына айналды. 1933 жылы М.Әуезов Абай шығармаларының бірінші ғылыми жинағын құрастырып, үлкен текстологиялық жұмыстар жүргізген. Ол ақынның ел аузында жүрген өлеңдерін, соның ішінде «Әзім» поэмасын алғаш рет осы жинаққа енгізді.

Ғалым 1957 жылға дейін Абай мұрасын жариялау мен ғылыми жүйеге түсіруде орасан зор еңбек етті. Әсіресе, 1957 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан екі томдық толық жинақ – абайтану ғылымындағы үлкен белес еді. Текстологиялық салыстырулар мен тексеріс жұмыстарына

Әуезов өзі бас-көз болып, алты ай бойы Тіл және әдебиет институтында апта сайын осы іске тікелей жетекшілік етті.

1924 жылдың өзінде-ақ Мұхтар Әуезов Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағын құрастырып, Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын анықтап алуға ұмтылды. «Абай», Шолпан» журналындағы ақын жайлы пікірлері, орыс географиялық қоғамы, Семей бөлімінің Абайға арналған салтанатты кешендегі «Қазақ әдебиетіндегі Абайдың орыны» деген баяндамасы – сөзімізге айғақ.

Ең басты ерекшелік – Мұхтар Әуезов ақынның танымдық, мағлұматқа бай ғылыми және шығармашылық өмірбаянын жасап берді. Сонау 1933 жылғы «Абайдың туысы мен өмірі» атты көлемді мақала толысып, монографиялық зерттеуге ұласты. Абайдың жалпы шығармашылық мұрасына арналған ғылыми еңбектердің ішіндегі ірісі – Әуезов монографиясы. Ол тараудан тұратын бұл жұмыстың бастапқы үш тарауында абайтанудың ең алғашқы қадамдарынан бастап, елуінші жылдарға дейінгі бұл игілікті іске қосылған ірілі-ұсақты зерттеулер, сын мақалалар топтасқан.

Жазушы Абай шығармашылығын қазақ әдебиеті мен руханиятының іргетасы ретінде зерттеп, арнайы пән ретінде жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізуге ұйытқы болды. Абайдың ақындық мектебі, оның философиясы мен шығыстық, батыстық ойлармен үндестігі, қазақ қоғамына әсері туралы айтқан ғылыми тұжырымдары абайтанудың негізіне айналды.

Мұхтар Әуезов Абайдың тұңғыш ғылыми өмірбаянын жазып, бірнеше рет өңдеп, толықтырды. Университетте оқыған дәрістерін жинақтап, «Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер)» деген фундаменталды еңбек қалдырды. Бұл зерттеуде Абайдың өлеңдеріне, поэмалары мен қара сөздеріне жан-жақты талдау жасап, жазылу хронологиясын реттеді.

Мұхтар Әуезов Абайды жәй зерттеп қана қоймай, оны ұлттық идеологияның, рухани жаңғырудың темірқазығына айналдырды, Абай арқылы қазақ халқын, оның тарихы мен мәдениетін әлемге танытты.

Дастан ҚАСТАЙ.

Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

МЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ

Адамзаттың абызы



10 тамыз – Абай күніне орай қалада студенттермен танымдық сағат ұйымдастырылды. Мазмұнды іс-шараға Білім басқармасына қарасты Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми әдістемелік орталығының Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі №14 қалалық кітапханамен бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шара жастарға Абай Құнанбайұлының бай әдеби мұрасын насихаттап, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және зерделі ұлтқа айналу идеясын дәріптеуді мақсат еткен. Сондай-ақ, ақын шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды, адамгершілік пен білімге құштарлықты дәріптеу баса көзделген.

Кездесу барысында студенттер ақынның өмір жолы мен шығармашылығына тоқталып, өлеңдері мен қара сөздерінің терең мазмұнын талқылады. Сонымен қатар, Абайдың ғылым-білімге, еңбекке, адалдыққа, әділдікке үндейтін ойлары бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтпағаны айтылды. Студенттер өз пікірлерімен бөлісіп, ұлы ойшылдың нақыл сөздерін оқып, рухани құндылықтар туралы ой ербітті.

Абай мұрасы – ұлттың рухани темірқазығы, ұрпақ тәрбиесінің сарқылмас қайнар көзі. Осындай танымдық іс-шаралар жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, туған әдебиет пен мәдениетке деген құрметін арттыруға ықпал етеді.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ЖАС МАМАН

Кәсіптік білімнің келешегі

Алматыдағы колледждерде кадрлар даярлау үшін 17 491 орын қарастырылып отыр. Яғни 2026 жылы бөлініп отырған мемлекеттік тапсырыс көлемі жаңа мамандықтармен толығыды.

Мәселен, «Жылжымайтын мүлікті басқару», «Медициналық-профилактикалық іс», «Эстетикалық косметология», «Ет өнімдерін өндіру», «Өрт қауіпсіздігі», «Графикалық анимация технигі», «Мехатроника», «Экологиялық туризм менеджері», «Бұйымдарды химиялық тазалау және бояу», «Жаңартылатын энергетика» мамандықтары қазір нарықта сұранысқа ие. Бұл мамандықты игергендердің жұмыссыз қалмасы анық. Бұған қоса, Алматыда дуальды оқыту жүйесі де белсенді дамып келеді. Оның аясында 52 колледж, 770 кәсіпорынмен 22 067 шарт жасалып, мемлекеттік тапсырыспен білім алушылардың 43%-ы дуальды оқыту жүйесімен білім алуда. Биылғы жылы тағы 2 колледж инклюзивті білім беру бойынша талапкерлерді қабылдап отыр.

Академиялық ұтқырлықты дамыту және мамандарды халықаралық стандарттарға сай даярлау мақсатында 11 колледждің 110 студенті Қытай Халық Республикасында, 89 студент Түрік елінде, 20 студенті Германияның ірі кәсіпорындарында тағылымдамадан өтті. Жүргізіліп жатқан жұмыс мамандарды даярлау сапасын арттыруға және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға бағытталған.

Рая ЕСКЕНДІР.

12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ



ЖАҢА БУЫН ҮНІ

«Әділетті Қазақстан» жастарының жауапкершілігі

Әр дәуір жаңа буынның алдына өзіндік бірегей міндеттер мен сынақтар қояды, әрі зор мүмкіндіктерді де сыйлайды. Бүгінде біз терең де мазмұнды жаңғыру жолындағы Жаңа Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз. Елімізде ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Биылғы Халықаралық жастар күнінің халықтық Конституциямыздың ресми түрде күшіне еніп, Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлау науқаны қыза түскен шағына тұспа-тұс келуі ерекше тарихи әрі символдық мәнге ие.

Жас маман әрі педагог, қоғамдық жұмыстардың белсенді қатысушысы ретінде маған бұл оқиғалар жаңалықтар тасқыны немесе ресми тұжырымдар ғана саналмайды. Бұл – біздің күнделікті өміріміздің, ертеңгі күнге деген сеніміміздің және еліміздің болашағын қалыптастыруға қосатын үлесіміздің берік іргетасы.

Ата Заңымыздың жаңартылуы әділеттілікке, ашықтыққа және тең мүмкіндіктерге деген қоғамдық сұранысқа берілген нақты жауап. «Жаңа Конституция жастарға не береді?» деген сауалға ең алдымен, мемлекет тарапынан берілетін кепілдіктерді естен шығармауымыз керек. Өйткені, мемлекеттің басты қазынасы – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Құқықтармен бірге үлкен жауапкершілікті де ұмытпауымыз керек. Заңдар өздігінен жұмыс істемейді. Оны ел азаматтары, әсіресе, біз, жастар құқықтық нормаларды құрметтеп, ұсынылған институттарды ел игілігі үшін белсенді пайдаланғанда ғана шынайы күшіне енетінін әрбір азамат білуі, сезінуі тиіс.

Үлкен істер жүйелі қадамнан басталады

Мемлекет жастардың дамуына жағдай жасап, жаңа мүмкіндіктер ұсынып отыр. Сол мүмкіндіктерді нақты нәтижеге айналдыру – жастардың өз қолында. Айталық, Алматының Бас жоспарынан бастап бірлікті нығайтуға дейін жаңа бастамалардың басында азаматтық белсенділік танытуымыз керек. Ел тағдырына кәсіби саясаткерлер мен танымал қоғам қайраткерлері ғана ықпал етеді деген түсініктен арылып, әр азаматтың өз пікірін білдіруге, қаласын көркейтуге және маңызды бастамаларды қолдауға үлесі бар екенін сезінуі қажет.

Үлкен өзгерістер әрдайым шағын, бірақ жүйелі қадамдардан басталады. «Мұның маған қатысы жоқ» деген ұстанымның орнына «Мен жасамасам, кім жасайды?» деген қағиданы басшылыққа алған жөн. Алматының Бас жоспары сияқты қоғамдық тыңдауларға қатысып, сұрақ қойып, тұрғындар пікірін білдіру арқылы ғана жайлы орта қа-

лыптасады. Сондықтан азаматтық белсенділік биік мінберден емес, ең алдымен өз аулаңа, мектебіңе, қалаңа деген жанашырлықтан басталады.

Патриотизмнің берік негізі

Менің өмірімде «Ассамблея жастары» ұйымындағы жұмыс ерекше орын алады. Қазақ елінде, қара шаңырақ астында түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Абай атындағы ҚазҰПУ-да студенттік жылдарымнан бастап Ассамблеяның жастар қанатына қосылғалы қоғамдық келісім мен этносаралық татулықтың қаншалықты маңызды екенін іс жүзінде ұғындым. Түрлі этностың жастары ортақ мақсатқа жұмылғанда «күшіміз бірлікте» екенін шынайы сезінеді.

Қазіргі уақытта жасампаздық, патриотизм туралы көп айтылады. Менің ойымша, патриотизмнің берік негізі – жасампаз еңбек. «Жасампаз патриотизм» – күнде өз жұмысыңды адал атқаруың, кәсіби тұрғыдан өсуің және айналаңа, қоғамға пайда әкелуге ұмтылуың деп түсінемін. Алматыдағы Ораз Жандосов атындағы №105 гимназияда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет ету – мен үшін жасампаздық кеңістігі.

Мен еңбекті жоғары бағалайтын отбасында өсіп, бала кезімнен қазақ тіліне, оның әдебиеті мен ұлттық өнеріне деген сүйіспеншілік қалыптастырдым. Бүгінде ұстаз ретінде оқушыларыма тілді тек грамматика арқылы емес, ән, поэзия және мәдениет арқылы үйретуге тырысамын. Осы мақсатта жаңа буынның қызығушылығын ескеріп, «QazaqTime: Ән арқылы тіл үйрену» атты тегін үйірме ұйымдастырдым. Мемлекеттік тіл – барша қазақстандықты біріктіретін қуатты құрал деп білемін. Ал тарихты, әдебиетті, тілді құрметтеуге және заңды сақтауға баулу арқылы біз елдің болашағына жауапты, саналы әрі сапалы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен «Шапағат» медалімен марапатталуым – жүрегімде ерекше із қалдырған, ұмытылмас сәттердің бірі болды. Бұл марапат мен үшін еңбегіме берілген

баға ғана емес, мемлекет тарапынан әрбір жас маманның қоғамға қосқан үлесіне көрсетілген құрметтің белгісі. Әрі бұл марапатты мені тәрбиелеген ұстаздарыма, бойыма дұрыс құндылықтарды сіңірген ата-анама және балаларға күн сайын жүрек жылуын сыйлап жүрген барша жас педагогке ортақ деп қабылдаймын.

«Шапағат» ұғымының өзі мейірімділік пен қамқорлықты білдіреді, ал бұл – кез келген мамандықтың басты миссиясы деп білемін. Еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласу да әр азаматтың жауапкершілігі. Сондықтан алдағы Құрылтай депутаттарының сайлауын маңызды саяси оқиға әрі конституциялық реформалардың заңды жалғасы деп санаймын. Ұлттық Құрылтай – халық пен билік арасындағы ашық диалог орнайтын, елдің өзекті мәселелері талқыланып, жаңа қоғамдық құндылықтар қалыптасатын маңызды алаң. Осы үдерісте өз буынымның көзқарасы мен азаматтық ұстанымын білдіруді парыз санаймын.

Құқықтық мәдениеттің көрсеткіші

Өкілетті институттар арқылы біз білім, ғылым, кәсіпкерлік, экология және әлеуметтік қорғау салаларындағы бастамаларымызды ұсынып, ел дамуына өз үлесімізді қоса аламыз. Сайлауға қатысу міндетіміз ғана емес, азаматтық парыз әрі құқықтық мәдениеттің көрсеткіші. Егер біз әділетті, қауіпсіз және дамыған мемлекетте өмір сүргіміз келсе, оның саяси болашағын қалыптастыруға белсенді араласуымыз керек.

Құрылтай институтының тамыры ұлттық тарихымыздың тереңінде жатыр. Оны заманауи құқықтық мемлекет жағдайына бейімдеу – ұлттық болмысымызды әлемдік демократиялық құндылықтармен сабақтастыра білудің көрінісі. Бүгінде жастар Қазақстан халқының едәуір бөлігін құрайды. Біз – экономиканың, инновацияның және әлеуметтік өзгерістердің негізгі қозғаушы күшіміз. Сондықтан құқықтық сауаттымызды арттырып, саяси үдерістерге белсенді араласуымыз елді жаңғырту бағытының маңызды бөлігі.

Бүгінде алдымызда бірегей мүмкіндіктер ашылып отыр. Жаңартылған Конституция құқықтық мүмкіндіктерімізді кеңейтсе, «Ассамблея жастары» секілді қоғамдық институттар әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға жол ашады. Алдағы сайлау елдің саяси келбетін қалыптастыруға өз үлесімізді қосуға мүмкіндік береді. Сондықтан студенттерді, жас мұғалімдер мен дәрігерлерді, инженерлерді, кәсіпкерлерді және өз жолын енді бастап келе жатқан барша жастарды елдің қоғамдық өміріне белсенді араласуға шақырамын.

Жаңа Қазақстанға жасампаз жастар керек. Әлемді өзгерту үшін жоғары лауазым немесе ерекше сәт күтудің қажеті жоқ. Өзіміз білім алатын оқу орнының, еңбек ететін мекеменің немесе тұратын қаланың өміріне араласудан бастайық. Қоғамдық тыңдауларға қатысып, өз идеямызды ұсынып, азаматтық ұстанымымызды барлық жерде танытайық. Баршаңызды 12 тамыз – Халықаралық жастар күнімен құттықтаймын! Біліміміз бен күш-жігеріміз, жасампаздыққа деген ұмтылысымыз ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының гүлденуіне берік тірек болсын!

Мария СУРИНА, Ораз Жандосов атындағы №105 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ НӘТИЖЕ



ӨСІМ, ӨЗГЕРІС ЖӘНЕ ӨРЛЕУ

Алматының денсаулық сақтау жүйесінде биылғы жартыжылдықтың қорытындысында саладағы негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалды. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахимнің төрағалығымен өткен алқа мәжілісінде Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов хабарлады.

Атап айтсақ, қан айналымы жүйесінің ауруларынан, қант диабеті, туберкулез, обыр дертінен болатын өлім-жітім көрсеткіштері айтарлықтай төмендеген.

Саланың кадрлық әлеуетін нығайту жалғасуда. Биыл жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқуды 137 резидент дәрігер аяқтап, бүгінде оның 86%-ы жұмысқа орналасып үлгерген.

Жоғарғы көрсеткіш халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде де сақталған. Бірінші жартыжылдықта жазылған рецепттердің 99,9%-ы қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, орфандық ауруларды емдеуге арналған тегін дәрілік препараттар мұқтаж 1259 пациентке жеткізілген.

«Алматының тәулік бойғы стационарларында 219 мың пациент емделді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 0,4%-ға артық. Жоспарлы медициналық көмекті 93,3 мың адам алды. Ал бұл өткен жылғы көрсеткіштен 1,9%-ға жоғары. Профилактикалық медициналық тексерулермен халықтың 62,1%-қамтылды. Бұл да жоспарлы көрсеткіштен жоғары. Онкологиялық скринингтердің барлық бағыты бойынша бірінші жартыжылдықтың аралық нысаналы көрсеткіштері де асыра орындалды», – деді М.Пашимов.

Ана мен баланың денсаулығын сақтау саласында жүктілік бойынша ерте есепке қою көрсеткіші 65,6%-ға дейін ұлғайды, ал прегравидальды дайындықпен қамту 69,1%-ға жетті.

Сонымен бірге, қаланың онкологиялық қызметі де жетілдірілуде. Онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау көрсеткіші 42,1%-ға жетті. Мұндай пациенттердің бес жылдық өмір сүру деңгейі 70,6%-ға дейін өсті, ал қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім 6,1%-ға төмендеген.

Марат Пашимов алқа мәжілісінде Алматыда бір ауысымда 350 адамды қабылдауға қауқарлы, заманауи емханасы бар 250 төсектік жаңа көпбейінді онкологиялық орталық салу жоспарланып жатқанын хабарлады. Жоба бүгінде мемлекеттік са- раптаманың оң қорытындысын алды.

Бұл ресми құжат оны іске асырудың келесі кезеңіне өтуге мүмкіндік береді.

Толықтай жаңа инновациямен жарақ- талатын орталықта пациенттер онкология- лық көмектің толық спектрін ала алады, яғни ерте диагностикадан бастап жоғары технологиялық емдеу және одан кейінгі оңалту процесін қосқанда.

Орталық құрамында 250 төсектік тәулік бойғы стационар, химиотерапия жүргізуге арналған 80 орындық күндізгі стационар, консультациялық-диагностикалық емхана, сәулелік терапия және химиотерапия бөлімшелері, роботтандырылған хирур- гиясы бар заманауи операциялық блок, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі, эндоскопиялық және трансфу- зиологиялық орталықтар болады.

«Диагностикаға ерекше назар аудары- лады. Орталық заманауи клиникалық- диагностикалық, молекулалық-генетика- лық және патоморфологиялық зертханалармен жабдықталады. Онда он- кологиялық ауруларды ерте сатысында анықтауға және ең тиімді ем-домды таң- дауға мүмкіндік беретін жоғары дәлдіктегі зерттеулер жүргізілетін болады. Жоба со- нымен қатар, ісікке қарсы препараттарды дайындаудың автоматтандырылған жүйесі бар цифрлық медициналық мұрағатты, ахуалдық орталықты және Госпитальдық фармация бөлімшесін құруды көздейді», – деді басқарма басшысы.

Жобаны іске асыру жоғары технология- лық онкологиялық көмек көрсету мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге, диагнос- тика мен емдеудің заманауи әдістерін Ал- маты тұрғындары үшін қолжетімді етуге және қаланың онкологиялық қызметін жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Алматыда жаңа онкологиялық орталық салудан басқа, денсаулық сақтау жүйесін дамыту бойынша өзге де ірі жобаларды іске асыру жалғасуда. Атап айтсақ, бүгінде қалада он нысанның құрылысы қарқын алған. Олардың қатарында №7 қалалық клиникалық аурухананы қайта жаңарту, екі перзентхана, №16 қалалық емхананы сейсмикалық күшейту және №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының қо- сымша корпусы бар. Тағы 12 нысан бо- йынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Олардың құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы келер жылға жоспарланған.

Марат Пашимов медициналық кө- мектің қолжетімділігі мен сапасын одан әрі арттыру, профилактика мен ерте диагнос- тиканы дамыту, медициналық инфрақұры- лымды жаңғырту, кадрлық әлеуетті нығай- ту және заманауи медициналық технологияларды енгізу секілді жүйелі жұ- мыстар екінші жартыжылдықта да жалға- сатынын атап өтті.

ӘКІМДІК ГРАНТЫ

137 ЖАС ДӘРІГЕР ЖҰМЫСҚА ДАЙЫН

Алматыда жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім алған С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің резидентура түлектеріне диплом тапсыру салтанаты өтті.

Биыл медицина университетінің 111 дәрігер-резиденті диплом алды. Жалпы, 2026 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім алған 137 ма- ман оқуын аяқтады. Оның ішінде 111-і – С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін, 24-і – Қазақстан–Ресей медицина уни- верситетін, ал 2 маман Қазақ кардио- логия және ішкі аурулар ғылыми-зерт- теу институтын тәмамдады.

«Медициналық кадрларды даяр- лау – Алматы қаласының денсаулық сақтау жүйесіндегі негізгі басымдық- тардың бірі. Қала тұрғындарының сапа-

лы әрі уақытылы медициналық көмек алуын қамтамасыз ету мақсатында сұ- ранысқа ие мамандықтар бойынша дәрігерлерді даярлауға жыл сайын ин- вестия салынады», – деді жас маман дарды құттықтаған Қоғамдық денсау- лық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов.

Ол түлектерге арнаған сөзінде дип- лом алу – үлкен жауапкершілікті, білімді үздіксіз жетілдіруді және таңдаған ма- мандыққа адалдықты талап ететін жаңа кәсіби кезеңнің бастауы екенін атап өтті. «Жақын уақытта көпшілігіңіз Алматы қаласының ауруханалары мен емхана- ларында еңбек жолын бастайсыздар. Пациенттердің денсаулығы мен өмірі сіздердің білімдеріңізге, кәсіби ше- берліктеріңізге және адамгершілік қа- сиеттеріңізге тікелей байланысты бола- ды», – деген басқарма басшысы жас мамандарға қаланың заманауи денсау- лық сақтау жүйесін одан әрі дамыту міндеті жүктелетінін атап өтті.

ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

SOS-көмек



Қалада SOS батырмасы бар алғашқы телемедициналық көмек көрсету модулі іске қосылды. Яғни самокат, скейтборд және BMX тебуге арналған алаңдармен жабдықталған жаңа FLOW PARK қоғамдық кеңістігінде тәулік бойы жұмыс істейтін модульдік алғашқы медициналық көмек көрсету пункті орнатылды.

Ол жедел медициналық жәрдем станциясының шұғыл байланыс жүйесі- мен жабдықталған. Бұл туралы Алматы қаласының Цифрландыру басқарма- сының өкілдері айтты.

Алматыда тұңғыш рет телемедици- налық алғашқы көмек көрсету мо- дулінің іске қосылуы – қаланың жедел медициналық көмек жүйесін дамыту- дағы және тұрғындармен қала қонақ- тарының қауіпсіздігін арттырудағы жаңа кезең. Өзін жайсыз сезінген неме- се жарақат алған жағдайда тұрғын SOS батырмасын басып, жедел медицина- лық жәрдем диспетчерімен бірден байланыса алады. Медицина қызмет- кері модульді қашықтан ашып, аудио және бейнебайланыс арқылы адамның жағдайын бағалайды әрі жедел жәр- дем бригадасы келгенге дейін қажетті нұсқау береді.

Өлшемі 2х2,5 метр болатын

пункттің ішінде дефибриллятор, жара- қаттарды алғашқы өңдеуге арналған құралдар, жедел коронарлық синдром кезінде көмек көрсетуге арналған ме- дициналық жиынтық, брезент көрпе және тот баспайтын болаттан жасалған медициналық кушетка орналастырыл- ған.

Модуль сондай-ақ үздіксіз интер- нетпен, 360 градус шолу мүмкіндігі бар сыртқы бейнебақылау камерасымен, ішкі камералармен, ақпараттық дисп- леймен және қашықтан басқарылатын телемедициналық кешенмен жабдық- талған. Диспетчер нақты уақыт ре- жимінде жабдықтар мен алғашқы кө- мек көрсету құралдарын пайдалану тәртібін түсіндіріп отыра алады. Мо- дульдің құрылымы түрлі ауа райы жағ- дайына төзімділігі жоғары HPL-панель- дер мен тот баспайтын болаттан жасалған.

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨН!

Кәріліктің де иісі болады

Егер байқасақ, жасы ұлғайған еқарттардың үстінен өзгеше иіс шығып тұрады. Бұл – табиғи био- химиялық өзгерістердің нәтижесі.

Негізгі себептерінің бірі – тері майы құрамының өзгеруі. Иә, қартайған сайын терідегі май бездері өзгереді: майдың құ- рамында омега-7 май қышқылы көбейіп, ол тотығып, 2-nonenal деп аталатын қосы- лыс түзеді – дәл осы зат ерекше иіс шыға- рады. Одан кейінгі себеп – гормондық өзгерістер. Эстроген және тестостерон деңгейі төмендегенде тері микро-флорасы өзгереді. Соның салдарынан теріден бұ- рынғыдай «жаңа» иіс емес, «ескі» немесе «төтенше» иіс пайда болады.

Тағы бір себебі – тері күтімінің азаюы. Кейбір егде адамдардың күш-қуаты тайып бара жатқан соң жуына беруді де қалай бермейтіні бар. Терінің құрғауы немесе ауа

өткізбейтін киімдер кию де өзгеше иістің жиналуына әкеледі. Енді бір себебі – асқа- зан мен бауырдың жұмысы. Метаболизм баяулап, кей заттар толық ыдырамай тері арқылы шығуы мүмкін. Бұл да иіске әсер етеді.

«Кәріліктің иісін» азайту жолдарына тоқталар болсақ, тұрақты жуынып тұрған абзал. Әсіресе, тері қатпарларын жылы сумен, жұмсақ сабынмен мұқият жуу ке- рек. Терінің тым құрғап кетпеуін қадағала- ған абзал. Құрғақ теріде май тотығуы тез жүреді. Сондықтан құрамында антиокси- данттар бар кремдер пайдаланған дұрыс. Диета ұстау да маңызды. Сарымсақ, пияз секілді өткір иісі бар және ащы тағамдарды азайтқан жөн. Көкөніс пен жемісті көп жеу керек. Себебі, антиоксиданттар терідегі тотығу процесін баяулатады. Киімді таза ұстау да аса маңызды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

МЕРЕЙЛІ МЕГАПОЛИС

«Тәні саудың жаны сау» деп ата-бабаларымыз спорт пен белсенді қимыл-қозғалыстың, салауатты өмір салтының маңызын бұрыннан айтып кеткен. Көпшіліктің күні бір орында істейтін жұмыста өтетін бүгінгі қоғамда спорттың маңызы тіпті артты.

Алматы қаласында спорттық инфрақұрылымды дамытуға, спортпен тұрақты айналысатын тұрғындардың санын арттыруға, халықаралық деңгейден бастап, республикалық, қалалық, ауданішілік спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға ерекше мән беріліп келеді. Ал осы айда бұл бағыттағы жұмыстар ерекше қарқын алды. Себебі, мегаполисте Спорт күніне орай ауқымды спорттық іс-шаралар бағдарламасы әзірленді. Еске салайық, елімізде Спорт күні жыл сайын дәстүрлі түрде тамыз айының үшінші жексенбісінде атап өтіледі.

Қаланың спорт бағдарламасына аясында әр ауданда турнирлер, көпшілікке арналған жаттығулар, отбасылық фестивальдер мен әуесқойлар арасындағы жарыстар өтеді. Бұл туралы Алматы қаласының Спорт басқармасының өкілдері айтты.



Негізгі іс-шаралардың қатарында, Денсаулық және спортқа арналған отбасылық фестиваль, Медиабаскет лигасы, 3x3 баскетболдан Қазақстан чемпионатының финалы, Gran Fondo World Championship

Qualifier іріктеу кезеңі, Roland Garros Juniors халықаралық турнирі және есту қабілеті бұзылған спортшылар арасындағы жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасының IV спартакиадасы бар.

Оның ішінде Gran Fondo World Championship веложарысы 16 тамыз сағат 06.00 – 11.00 аралығында Әл-Фараби даңғылы мен Шығыс автомобиль айналма жолында өтеді. Теннистен Roland Garros Juniors халықаралық алдына ала іріктеу турнирі 17–22 тамыз аралығында Gorky Tennis Park кешенінің топырақ төселген корттарында болады. Турнирге Орталық және Батыс Азия елдерінен 16 жасқа дейінгі ең үздік 16 жасөспірім ұл мен қыз теннисші қатысады. Ал баскетболдан FIBA Asia Cup 2029 турниріне іріктеу жарысы Балуан Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайында ұйымдастырылады. Онда Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Иордания, Иран, Сауд Арабиясы және Түрікменстанның өкілдері бақ сынаиды.

Сонымен қатар, қала тұрғындары үшін Almaty Move жобасы аясындағы тегін жаттығулар жалғасады. Іс-шаралар кәсіби спортшыларға да, әуесқой деңгейде спортпен айналысатын немесе салауатты өмір салтын енді ғана бастап жүрген тұрғындарға да арналған. Спорт басқармасы өкілдерінің мәліметінше, мерекелік бағдарлама бұқаралық спортты дамытуға және қала тұрғындары мен қонақтарының белсенді демалуына қосымша мүмкіндік жасауға бағытталған.

АҚЫЛ-ОЙ ЖАРЫСЫ

ШАХ ЖӘНЕ МАТ
Университеттер арасында әлем чемпионаты аяқталды

Алматыда FIDE World University Team Chess Championship 2026 турнирі өтті.

Университеттер арасында шахматтан командалық әлем чемпионатыны алғаш рет ұйымдастырылды. Осындай маңызды турнирді бірінші болып өткізу құқығы Алматы қаласына берілді. Жарысқа қатысу үшін іріктеу кезеңінде 49 елден 79 университеттік команда бақ сынады. Онлайн-квалификация қорытындысы бойынша үздік 8 команда іріктеліп алынды. Ал тағы 8 команда ұйымдастырушылардың шақыруымен қатысты. Осылайша Алматыдағы тунирде 16 ЖОО командасы бақ сынады. Олар төрт топқа бөлініп, әрқайсысынан екі команда плей-офф кезеңіне жолдама алды.

А тобында бірінші орынды сенімді түрде ресейлік Орал мемлекеттік тау-кен университеті иеленді. Екінші орынмен Harvard University студенттері келесі кезеңге өтті. Мельбурн университеті (Аустралия) және Бейжің университетінің (Қытай) командалары турнирден шы-

ғып қалды. В тобында Saint Louis University (АҚШ) командасы бірінші болды. Екінші орынмен ширек финалға Universidad de Chile (Чили) өтті. Ал С тобында бірінші орынды Техас университеті (АҚШ) иеленді. Екінші орын Афины ұлттық техникалық университеті (Грекия) командасына бұйырды. Қазақстандық AlmaU командасы топтық кезеңді үшінші орында (3 ұпай) аяқтады, Cambridge University төртінші болды. D тобының жеңімпазы – Қазақ ұлттық спорт университетінің командасы. Екінші орынға индонезиялық Гунадарма университеті командасы жайғасты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшінші орында тоқтап, плей-оффқа бір қадам жетпей қалды. Oxford University кезеңді төртінші орында аяқтады.

Плей-офф кезеңіндегі ойындардың нәтижесі бойынша Орал мемлекеттік тау-кен университеті жарыс жеңімпазы атанды. Күміс жүлдені АҚШ өкілдері – Saint Louis University иеленді. Қола жүлдені Қазақ ұлттық спорт университетінің командасы жеңіп алды. Үшінші орын үшін таласта қазақстандықтар Техас университетінен басым түсті.



ФУТБОЛ

ЧЕМПИОНДАР
ӨСІП КЕЛЕДІ

«Қайрат» академиясының U-17 командасы халықаралық Inclusion Cup турнирінің екі дүркін чемпионы атанды.

«Қайрат» футбол клубының 17 жасқа дейінгі командасы Швейцарияның Санкт-Галлен қаласында өткен International Inclusion Cup турнирінде жеңіске жетті. Алматылық команда топтық кезеңде команда үш матч өткізді. Оның екеуінде жеңіске жетіп, біреуінде қарсыласымен тең түскен жас ойыншылар өз тобында бірінші орын алды.

Алғашқы кездесуде «қайраттықтар» швейцариялық «Винтертур» командасын 1:0 есебімен жеңді. Жеңіс голын Роман Черноморец соқты. Екінші ойында отандастарымыз аустриялық «Ака Форарльберг» командасынан басым түсті. Бұл кездесу де Роман шешуші рөл атқарып, жеңіс голын соқты. Топтық кезеңдегі шешуші ойында алматылықтар «Бенфикамен» 1:1 есебімен тең ойнады. Кездесудегі голдың авторы – Тамерлан Сарсымбаев.

Жартылай финалда «Қайрат» академиясының ойыншылары Германияның «Вердер» клубымен кездесті. Ойын 3:0 есебімен алматылықтардың пайдасына шешілді. Ал турнир финалында қазақстандық ойыншылар Еуропадағы ең бе-

делді академиялардың бірі саналатын «Бенфиканың» U-17 командасымен қайта кездесті. Бірақ бұл жолы алаңда жеңімпаз анықталды. Матчта Роман Черноморец тағы да көзге түсті. Ол португалиялық команданы қапы қалдырып, өз голымен «Қайратқа» жеңіс сыйлады. Есеп – 1:0.

Осылайша «Қайрат» U-17 International Inclusion Cup турнирінде екінші рет чемпион атанды. Алғаш рет бұл жетістікке «Қайрат» U-17 командасы 2024 жылы қол жеткізген болатын. Ол кезде алматылықтар жартылай финалда француздық «Марсельді» 3:0 есебімен, финалда «Санкт-Галленді» 4:0 есебімен жеңді. Сол құрамда Дастан Сәтпаев жарқын ойынымен ерекшеленіп, команданың чемпиондық жолындағы жеңісіне елеулі үлес қосты. Биылғы турнирдің үздік ойыншысы атағына «Қайрат» U-17 қорғаушысы Ислам Рашидов ие болды.

Айта кеткен жөн, International Inclusion Cup турнирінің кубогында әр жылдары өз дәуірінің мықты клубтары мен академияларының есімдері жазылған. Жеңімпаздар қатарында «Манчестер Сити», «Ньюкасл Юнайтед», «ВфБ Штутгарт», «Аnderлехт», «Вердер» сынды танымал клубтар бар. Ал турнирге «ПСЖ», «Бенфика» секілді Еуропаның жетекші академиялары тұрақты түрде қатысып келеді. Енді бұл кубокта «Қайрат» есімі екі рет жазылды.

Досбол АТАЖАН.

АЛАТАУ АУДАНЫ



ХАКІМ МҰРАСЫ

халқымен қалай қауышты?

Абай күніне орай «Алатау» дәстүрлі өнер театрының алаңында, ашық аспан астындағы сахнада «Абай әлемі» атты мерекелік кеш өтті.

Іс-шара барысында көрермендер Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» қолдауымен түсірілген Абайдың тұңғыш шығармалар жинағының жарық көру тарихын баяндаған «Алғашқы кітап» атты деректі фильмін тамашалады.

Деректі фильм 1909 жылы Петербор қаласында Ильяс Бораганский баспасынан жарық көрген Абайдың тұңғыш кітабының қилы тағдырын баян етеді. Абай шәкірттерінің, оның ішінде Кәкітайдың кітапты басып шығару жолындағы еңбегі көрсетіледі. Абай мұрасының маңызы дәріптеледі.

– Фильм жалғыз өзі тұтас бір әлем жасап, шығармашылықпен айналысқан, небәрі жиырма жылдың ішінде қазақтың тілін де, көркемдік, этикалық танымын да күрт өзгертіп, бұрын-соңды түрік жұрты жетпеген биікке көтерген Абайдың алғашқы кітабы қалай басылып шыққанын көрсетеді. «Абай көзі тірісінде өзінің шығармаларын жинақтап, кітап қылып шығаруға әрекет етпеді ме?», «кітапты кім дайындады?», «қалай баспа бетін көрді?», «неге Семейде емес, қияндағы Петерборда басылды?», «неге кітапты шығару ісінде көптеген кедергілер пайда болды?» де-

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЕДЕУ АУДАНЫ

Данышпанның өнегесі дәріптелді

Медеу ауданында хакімнің рухани мұрасын ұлықтауға арналған «Абайға тағзым» атты іс-шара өтті. Абай ескерткіші жанында ұйымдастырылған іс-шара ақынның бай шығармашылық мұрасын дәріптеп, өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру, сондай-ақ жастарды білімге, адамгершілікке және отансүйгіштікке баулуды мақсат еткен.

Жиын барысында Абай ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, ұлы ақын рухына бір минут үнсіздікпен тағзым етілді. Гүл қою рәсіміне Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Алмас Тілеубаев, Медеу аудандық білім бөлімінің басшысы Ақнұр Нұрәлиева және аудан мектептерінің өкілдері қатысты.

Мерекелік бағдарламада Абай шығармалары кеңінен насихатталды. Опера әншілері «Желсіз түнде жарық ай» әнін шырқаса, жас дарындар ақынның бейнесін байыптар, табиғатын танытар өнер өрнегі – театрландырылған көрініс ұсынды. Медеу ауданындағы мектептерде білім алып жатқан 8–9-сынып оқушылары Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп оқыды. Жиынға жиналған көпшілік арасынан Абай мұрасына ықыласты оқырмандармен қатар, шетелдік туристер де табылды. Олар Абай өнегесі жайлы сұрақ-сұрап, шығармашылығына қызығушылық танытып жатты.

Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін 250 оқушының бірге шырқауы іс-шараның ең әсерлі сәті болды. №5 Оқушылар үйінді директоры Сайрағұл Шағатаева мұндай іс-шаралардың маңызы айрықша екенін айтты:

– Ең маңыздысы – балалардың Абайды тек ақын ретінде танып қана қоймай, оның «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» секілді құндылықтарын бойына сіңіруі. Технология мен білім өте жылдам дамып жатқан кезде, Абайдың білімге ұмтылу, еңбек ету, адам болып қалыптасу туралы ойларының маңызы тіпті арта түсуде, – деді Сайрағұл Садыққызы.

№172 мектептің мұғалімі Біржан Қайратұлы Абай шығармаларындағы адам өмірі мен болмысына қатысты терең ойларға тоқталып, ақынның сөзді орнымен қолданып, ойын шешен әрі нақты жеткізе білгенін атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі оқушылардың Абай шығармашылығына қызығушылығы жоғары, сондықтан балаларға алдымен түсінікті туындыларын ұсынып, жасына қарай күрделі шығармаларына бағыттау – ақын мұрасын терең меңгерудің тиімді жолы.

Абай күніне орайластырылған, мерекелік іс-шаралардың мән-маңызы терең. Мектеп директорлары, ұстаздар, оқушылар мен қоғам белсенділері Абай аясында бір арнаға тоғысып, рухани құндылықтар қырқасында қауышты. Мұндай іс-шараға Алматы қаласындағы Медеу ауданының Білім бөлімі мен №5 Оқушылар үйі мұрындық болды.

Дастан ҚУАНДЫҚҰЛЫ.



ҰЛТТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Алматы Абай рухына тағзым етті



Абай күніне орай Алматы қаласының қақ төрінде ұлы ақын, кемел ойшыл Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл қою рәсімі өтті. Руханият алыбына тағзым етіп, шұрайлы мұрасын ұлықтауға бағытталған іс-шараға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, зиялы қауым өкілдері мен қала жастар қатысты.

Жиналған қауым Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ақын рухына тағзым етті. Сондай-ақ, білім, еңбек, әділет пен адамгершілікке үндейтін мұрасының бүгінгі қоғам үшін маңызын айтып, жан-жақты талдады.

– Бүгінгі күн – жалғыз өзі тұтас бір әлем жасап, қазақтың тілін де, көркемдік, этикалық танымын да күрт өзгертіп, биікке көтерген Абайға деген құрмет! Абайдың «толық адам», «кемел адам» концепциясы қазақ халқының ой түзер, жол түзер темірқазығына айналды. «Нысан пен Мейірім, Әділетті, Жанындай көріп жан сақта... Қайрат пен ақыл жол табар, Әділет-шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға», –

қандай кеңес керек?! Абай – қазақтың өмір сүру алгоритмін алғаш көрсеткен, дүниені тану мен бағамдауда қазаққа жақын пайым ұсынған адам, – деді Асқар Жұмаділов.

Белгілі ғалым Абайды тек дәріптеп қана қоймай, ақын айтқан білім мен еңбек қағидаларын қазіргі өмірде қолдану маңызды деп түсінеді. Әсіресе, бүгінгі технология дәуірінде ғылымды меңгеріп, жасанды интеллект саласында қазақ тілінің қолданысын кеңейту қажет. Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан» дегендігі өнерпаздықты ғылымға ықыласты болу, өнертапқыш болу, компьютерге дұрыс, қазақ мүддесіне сай алгоритім енгізу деп санайды.

– «Қазақ тілі бай» деп айта беру аз. Тілдің ең басты қызметі – қолданыс. Қазақ тілін ғылымда, технологияда, бизнеске қолдану керек. Егемен ел ретінде қазақтың болмысына, тілі мен дүниетанымына негізделген өз жасанды интеллектіміз болуы қажет. Бәрін өзіміз жасау міндет емес, бірақ бізге қажет стратегиялық бағыттарды өзіміз дамытуымыз керек, – деді А.Жұмаділов.

Сонымен қатар, айтары көп академик өзінің өрелі әңгімесінде зиялы қауым өкілдеріне сөз арнап, ақын-жазушыларды «басы артық желсөзден», ел назарын белгісіз бағыттарға бұратын, қоғам қажетіне жарамайтын орынсыз пікірталастардан аулақ болуға, Абай өнегесіне жүгіне отырып, фактология, логика, сыни пайымдау принциптеріне негізделген тұжырым айтуға шақырды. Абай ой-пайымын «жалаулатып» айтып, ілділап түсініп, науқан-шылдыққа бұрып даңғазалатудан сақтануға, жіті түсініп, толық оқыға ден қоюға үндеді.

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстан Жазушылар одағы, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының өкілдері де қатысты. Ерекше іс-шарада Қазақстанның халық әртісі Болат Әбділманов «Абайдың жұмбағы» монологын орындап, «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі өз өнерін ортаға салды.

Дастан ҚАСТАЙ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ



ОЙШЫЛДЫҢ ОЙЛЫ ЖЫРЛАРЫ

Жетісу аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында» Абай мұрасын дәріптеуге арналған тағылымды іс-шара жыл сайын тұрақты өтіп келеді.

Биыл да ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 181 жылдығына орай, «Абайды оқы!» атты рухани кеш өтті. Іс-шара барысында қатысушылар Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы сыр

Рая ЕСКЕНДІР.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

ДАРА ҺӘМ ДАНА



А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Танымдық кешке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері Асылы Осман, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Қансейіт Әбдезұлы және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жабал Шойынбет қатысты. Құрметті меймандар жастар алдында Абай мұрасының тағылымдық мәні мен бүгінгі қоғамдағы рухани маңызы туралы ой-пікірлерімен бөлісті.

«Абай – ақын ғана емес, хакім тұлға. Ол өлеңдері мен қарасөздерінде оқырманына «адам бол» деп қана қоймай, сол адам болудың, адамгершіліктің қалыбын, ілімін жасаған ойшыл ақын. Хәкім Абайды таныту – адамзаттың бәріне қажетті даналықты таныту. Сондықтан біз қазір бүкіл мектепте, жоғары оқу орындарында, бүкіл қазаққа Абай ілімін насихаттаудан шаршамауымыз керек. Егер бір бала бір өлеңін, тіпті бір сөзін тереңінен ұғынған болса, сол үлкен олжа», – деді Жабал Шойынбет.

Иә, кеш барысында Абай Құнанбайұлының өнегелі өмір жолы мен өлмес мұрасы кеңінен насихатталды. Меймандар тілге

тиек еткен Абай шығармаларындағы адамгершілік, білімге ұмтылу, еңбекқорлық пен адалдық идеялары кеңінен насихатталып, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

«Абай – ұлы ақын ғана емес, ол сонымен қатар әділетті қоғамды меңзеген ұлы қайраткер. Ол да күйінген, жылаған, қуаңған. Қазақ халқының жасампаз болғанын қалаған. Өлеңдерінің, қарасөздерінің бәрінде философиялық ой жатыр. Демек, Абайды қайта-қайта оқу керек. Одан өмірдің барлық сұрағына жауап табылатын сөзсіз», – деді Асылы Осман.

Кеште Құдыс Қожамияров атындағы республикалық мемлекеттік академиялық уйғыр музыкалық комедия театрының «Нава» ансамблінің солист-әншісі Сахиб Абдумайин Абайдың әндерін орындаса, Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығының «Шешендік өнер» мектебі, «Сөз маржан» үйірмесінің оқушылары Садуахас Әділхайыр, Айдана Манатқызы және Садуахас Нұрәли сынды жеткіншектер ақынның өлеңдерін тебірене оқыды.

«Абайға арналған бұл рухани кездесудің тағылымы зор. Әсіресе, жастар үшін. Осындай танымдық кештер олардың Абай мұрасын терең түсініп, оның философиялық ойларын, ұлттық құндылықтар туралы көзқарасын жан-жақты меңгеруіне мүмкіндік береді. Абайдың шығармалары қай кезеңде де өзектілігін жоғалтпайтын рухани мұра екені сөзсіз», – деді Қансейіт Әбдезұлы.

Нұржамал ӘЛШИ.

Алматы қаласы аудандық аумақтық сайлау комиссияларының шешімдерімен 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауында дауыс берудің басталу және аяқталу уақыты өзгертілген учаскелердің тізімі

№	Аудан	Сайлау учаскесінің нөмірі	Орналасқан жері	Дауыс берудің басталу уақыты	Дауыс берудің аяқталу уақыты
1	Алатау	10	«№7552 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Рысқұлов даңғылы, 228	06:00	кез келген уақытта*
2	Алатау	639	«Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Ташкент даңғыл жолы, 541	07:00	кез келген уақытта*
3	Алатау	695	«Қазақстан Республикасының Ұлттық физиопольмонология ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Ботакөз» шағынауданы, 1/1	07:00	кез келген уақытта*
4	Алмалы	76	«Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы, Абай даңғылы, 91	07:00	кез келген уақытта*
5	Алмалы	78	«Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Амангелді көшесі, 88	07:00	кез келген уақытта*
6	Алмалы	92	«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің тергеу изоляторы» Республикалық мемлекеттік мекемесі, Қарасай батыр көшесі, 70	07:00	кез келген уақытта*
7	Алмалы	94	«№1 қалалық перзентхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Сейфуллин даңғылы, 492	07:00	кез келген уақытта*
8	Алмалы	96	«Қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Қазыбек би көшесі, 96	07:00	кез келген уақытта*
9	Алмалы	97	«Қалалық кардиологиялық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Төле би көшесі, 93 Б	07:00	кез келген уақытта*
10	Алмалы	98	«Құрмет белгісі» орденді көз аурулары қазақ ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Төле би көшесі, 95 А	07:00	кез келген уақытта*
11	Алмалы	99	«Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы, Әйтеке би көшесі, 120	07:00	кез келген уақытта*
12	Алмалы	100	«Қалалық ревматология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Құрманғазы көшесі, 98/71	07:00	кез келген уақытта*
13	Алмалы	107	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Гоголь көшесі, 139/15	06:00	кез келген уақытта*
14	Алмалы	112	«Қазақстан Республикасының Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының Ұлттық госпиталі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Панфилов көшесі, 139	07:00	кез келген уақытта*
15	Алмалы	116	«Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Төреқұлов көшесі, 73	07:00	кез келген уақытта*
16	Алмалы	119	«А.Н.Сызганов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамы, Желтоқсан көшесі, 62	07:00	кез келген уақытта*
17	Алмалы	630	Алматы қаласы Полиция департаментінің уақытша ұстау изоляторы, Масанчи көшесі, 57 А	07:00	кез келген уақытта*
18	Әуезов	135	«Демалыс-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Алтып Қарғалы» қонақ үй-шипажайы, Жандосов көшесі, 204	07:00	кез келген уақытта*
19	Әуезов	136	«Қарғалы» пансионаты акционерлік қоғамы, Саин көшесі, 184 Г	07:00	кез келген уақытта*
20	Әуезов	143	«Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты» республикалық мемлекеттік мекемесі, Жандосов көшесі, 53	06:00	кез келген уақытта*
21	Әуезов	162	«№2 қалалық балалар клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, 2-шағынауданы, 54	07:00	кез келген уақытта*
22	Әуезов	171	«Қалалық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жұбанов көшесі, 11	07:00	кез келген уақытта*
23	Әуезов	172	«№5 қалалық перзентхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Қабдолов көшесі, 28	07:00	кез келген уақытта*
24	Әуезов	212	«Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Мамыр-7» шағынауданы, 8 А	07:00	кез келген уақытта*
25	Әуезов	586	«ХАК» медициналық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Өтеген батыр көшесі, 11 А	07:00	кез келген уақытта*
26	Бостандық	279	«Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Байзақов көшесі, 299 А	07:00	кез келген уақытта*
27	Бостандық	281	«Орталық қалалық клиникалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Жандосов көшесі, 6	07:00	кез келген уақытта*
28	Бостандық	282	«Отан соғысының ардагерлеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 129 А	07:00	кез келген уақытта*
29	Бостандық	283	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Попов көшесі, 1 А	06:00	кез келген уақытта*
30	Бостандық	284	«Академик Б.О.Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы, Басенов көшесі, 2	07:00	кез келген уақытта*
31	Бостандық	285	«Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Манас көшесі, 40	07:00	кез келген уақытта*
32	Бостандық	286	«Қалалық паллиативтік көмек орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Байзақов көшесі, 295	07:00	кез келген уақытта*
33	Бостандық	302	«Психикалық сауықтыру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 117 А	07:00	кез келген уақытта*
34	Бостандық	303	«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі М.Есболатов атындағы Алматы академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Өтепов көшесі, 29	06:00	кез келген уақытта*
35	Бостандық	304	«Психикалық сауықтыру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Радостовец көшесі, 279	07:00	кез келген уақытта*
36	Бостандық	305	«Демеу» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 121	07:00	кез келген уақытта*
37	Бостандық	307	«Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы, Әл-Фараби даңғылы, 146	07:00	кез келген уақытта*
38	Бостандық	309	«Оқ-Жетпес» «Алматы» емдеу-сауықтыру кешені» акционерлік қоғамы филиалы, «Жайлау» шағынауданы, Әлмерек көшесі, 1/1	07:00	кез келген уақытта*
39	Бостандық	310	«Private Clinic Almaty /Приват клиник Алматы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Мирас» шағынауданы, 45	07:00	кез келген уақытта*

40	Бостандық	311	«Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Басенов көшесі, 2	07:00	кез келген уақытта*
41	Бостандық	312	«Тері-венерологиялық диспансер» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Манас көшесі, 65	07:00	кез келген уақытта*
42	Бостандық	495	«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясы» мемлекеттік мекемесі, «Нұр Алатау» шағынауданы, Рахмадиев көшесі, 1 Б	07:00	кез келген уақытта*
43	Бостандық	566	«Достар Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Сеченов көшесі, 28/5	07:00	кез келген уақытта*
44	Бостандық	567	«Керуен-Medicus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Бұқар жырау бульвары, 45/1	07:00	кез келген уақытта*
45	Жетісу	348	«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі, «Көкмайса» шағынауданы, 26 А	06:00	кез келген уақытта*
46	Медеу	391	«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Достық даңғылы, 103	07:00	кез келген уақытта*
47	Медеу	393	«Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы қаласындағы емханасы бар өңірлік әскери госпиталі» мемлекеттік мекемесі, Достық даңғылы, 103/41	07:00	кез келген уақытта*
48	Медеу	395	«№5 қалалық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Достық даңғылы, 220	07:00	кез келген уақытта*
49	Медеу	396	«Психикалық сауықтыру орталығы (наркологиялық қызмет)» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Мақтаев көшесі, 10	07:00	кез келген уақытта*
50	Медеу	397	«Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы, Достық даңғылы, 125	07:00	кез келген уақытта*
51	Медеу	409	«Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Демченко көшесі, 83 Б	07:00	кез келген уақытта*
52	Медеу	410	«№2 Қалалық перинаталды орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жангелдин көшесі, 28	07:00	кез келген уақытта*
53	Медеу	417	«Каменское Плато физиопольмонология оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «Таусамалы» шағынауданы, Кербулақ көшесі, 6 Г	07:00	кез келген уақытта*
54	Медеу	576	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақ дерматология және жұқпалы аурулар ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Райымбек даңғылы, 60	07:00	кез келген уақытта*
55	Медеу	597	«Алматы аймақтық көпсалалы клиникасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Көктөбе» шағынауданы, Роза Бағланова көшесі, 69 А	07:00	кез келген уақытта*
56	Медеу	623	«Институт хирургии жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Medterra» қазіргі заманғы медицина орталығы, «Таулы қырат» шағынауданы, Нұрлан Қаппаров көшесі, 4	07:00	кез келген уақытта*
57	Медеу	631	«Қазақстан санаторий» акционерлік қоғамы, Достық даңғылы, 308	07:00	кез келген уақытта*
58	Медеу	632	«Ақ-қайың» медициналық-сауықтандыру комплексі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Әжібай батыр көшесі, 12	07:00	кез келген уақытта*
59	Медеу	633	«Көктем санаторий» акционерлік қоғамы, «Асқартау» шағынауданы, Көктем көшесі, 1	07:00	кез келген уақытта*
60	Медеу	656	«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Айрықша мақсаттағы күштері «Батыр» Президенттік полкі «0111 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Достық даңғылы, 117/6	07:00	кез келген уақытта*
61	Медеу	701	Мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қаусар» облыстық оңалту орталығы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Орманов көшесі, 17 А.	07:00	кез келген уақытта*
62	Наурызбай	517	«№1 қалалық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 2	07:00	кез келген уақытта*
63	Наурызбай	518	«№7 қалалық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 20	07:00	кез келген уақытта*
64	Наурызбай	520	«Ақсай» республикалық клиникалық балалар ауруханасы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын, «Тастыбулақ» шағынауданы, Гаутаған көшесі, 2	07:00	кез келген уақытта*
65	Түркісіб	441	«Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты» республикалық мемлекеттік мекемесі, Красногорская көшесі, 4	06:00	кез келген уақытта*
66	Түркісіб	470	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Паланин көшесі, 220	07:00	кез келген уақытта*
67	Түркісіб	471	«№8 қалалық клиникалық аурухана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Ақан сері көшесі, 36	07:00	кез келген уақытта*
68	Түркісіб	475	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 перзентхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Станкевич көшесі, 6	07:00	кез келген уақытта*
69	Түркісіб	476	«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің Қарасай ауданы бойынша Шекара басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі, Спасская көшесі, 67	06:00	кез келген уақытта*
70	Түркісіб	479	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің «№72 мекеме» Республикалық мемлекеттік мекемесі, Красногорская көшесі, 73	06:00	кез келген уақытта*
71	Түркісіб	481	«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери клиникалық госпиталі» Республикалық мемлекеттік мекемесі, Красногорская көшесі, 2	06:00	кез келген уақытта*
72	Түркісіб	594	«И.Жекенова атындағы Қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы, Дегдар көшесі 10/2	07:00	кез келген уақытта*
73	Түркісіб	647	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «61993 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Красногорская көшесі, 8	06:00	кез келген уақытта*

** егер тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе*



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

Е-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. Е-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. Е-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітказы МАТАЕВ, Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
Е-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЛАНЫ БІРГЕ ДАМЫТАМЫЗ

Қаланы дамытуға арналған ғылыми гранттарға өтінімдерді қарау басталды. Жеті бағытты көздейтін жобаның мақсаты – жас ғалымдар мен зерттеушілердің бастамаларын қолдау, сондай-ақ ғылым нәтижелерін қаланың дамуына бағыттау.

Іс-шара барысында комиссия әр жобаны бизнес-моделі, инновациялық ерекшелігі, команда құрамы және қала қажеттілігіне сәйкестігі тұрғысынан бағалады.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбектің айтуынша, бірінші жылдың өзінде грантқа 200-ден астам өтінім түскен. Мұндай сұраныс ұйымдастырушылардың өздерін де таңқалдырды.

– Біз бастаған кезде бұл форматты әлі де сынай түсетін едік. Алайда, өтінімдерді қабылдау барысында көптеген жаңа ұсыныстар мен тәсілдерді байқадық. Сондықтан жобаларды қарау барысында біз шарттарды да тиімді етіп

өзгерттік. Бастапқыда 10 грант бөлінеді деп жоспарланған еді, бірақ түскен жобалардың сапасы жоғары болғандықтан, олардың көлемін де, санын да қайта қарап жатырмыз. Мысалы, 34 миллион теңгенің орнына 10, 15 миллион теңгелік жобалар да бар. Сондықтан соңғы шешім бойынша гранттардың саны 30-ға дейін жетуі мүмкін, – деді Әзиз Қажденбек.

Ол гранттардың екі бағытта қарастырылып жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, барлық жобаны бірдей етіп, тек бизнеспен ғана байланыстыру емес, керісінше әртүрлі бағыттағы зерттеулерді қолдап, олардың нәтижесін болашақта бүкіл қала бойынша тарату екенін атап өтті.

Жобаларды тыңдаудың алғашқы күнінде сарапшылар комиссиясы сегіз жобаны тыңдады. Әр қатысушы өз жобасын бес минут ішінде таныстырып, кейін сарапшылардың сұрақтарына жауап берді. Қазір іріктеуден өтіп, қорытынды кезеңге өткен жобалардың саны – 118. Оларды сараптау жұмыстары жалғасуда.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТЫҢ ИДЕЯҒА – 1 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

Алматыда «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты гранттық байқау басталды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Жастар саясаты басқармасы мен «Алматы студенттер альянсы» қорының өкілдері мәлімдеді.

Қалалық Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Мираc Нысаналиевтің айтуынша, жоба талантты, белсенді жастарды қолдауға бағытталған.

– Егер сізде қоғамға пайда әкелетін тың идея, ғылыми жоба, стартап немесе әлеуметтік бастама болса, оны іске асырудан тартынбаңыз. «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты – идеяңызды жобаға айналдырып, өз әлеуетіңізді ашуға берілген үлкен мүмкіндік, – деді ол.

Байқауға жасы 14-тен 35 жасқа дейінгі алматылықтар қатыса алады. Биыл грант «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технология», «Бизнес», «Медиа» және «Еріктілік» бағыттары бойынша беріледі. Әр бағыт бойынша жеңімпазға 1 миллион

теңге көлемінде грант бөлінеді. Барлығы 13 жоба қолдау таппақшы. Өтініштер биылғы 7 тамыздан 7 қыркүйекке дейін қабылданады.

«Алматы студенттер альянсы» төрағасы Айболат Сембиев қатысу шарттарын түсіндірді. Өтініш мемлекеттік және орыс тілінде қабылданады. Құжаттар топтамасына жоба сипаттамасы, 60 секундтан аспайтын бейнепрезентация, шығын сметасы (бар болса), зияткерлік меншік туралы мәлімет енуі тиіс. Жобаларды бағалауда өзектілігі, жаңашылдығы, қоғамдық маңызы, жүзеге асыру мүмкіндігі және шығын сметасының негізділігі ескеріледі.

Байқау екі кезеңнен тұрады. Алдымен құжаттардың талапқа сәйкестігі тексеріледі, содан кейін тәуелсіз комиссия жобаларды қарайды. Комиссия құрамына мемлекет, ғылым, білім, кәсіпкерлік, медиа және азаматтық қоғам өкілдері кіреді. Барлық отырыс ашық, тікелей эфирде көрсетіледі. Жеңімпаздар анықталған соң да жобалар ұйымдастырушылардың сүйемелдеуімен жүзеге асады. Иегерлер әр үш ай сайын есеп беріп отырады. Бір жыл бойы қаражаттың жұмсалыуына бақылау жүргізіледі.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.



«БАҚЫТ ДЕГЕН – СЕНІҢ БАЛА КҮНДЕРІҢ»

Мегаполисте балаларға арналған «Бақыт деген – сенің бала күндерің» атты телевизиялық вокалдық фестиваль-байқау өтіп жатыр. Жылына бір рет ұйымдастырылатын маусымдық жобаның авторы – отандық белгілі эстрада жұлдызы Айжан Нұрмағамбетова.

лити-шоу форматында өтіп жатыр. Қатысушылар «Жұлдызды үйде» елге танымал өнер иелерімен 20 күн бойы бірге тұрып, вокал, актерлік шеберлік және хореография бойынша шеберлік сабақтарын алады. Сонымен қатар, олар үшін экскурсиялар, ойын-сауық және шығармашылық сабақтар ұйымдастырылады.

Байқау үш негізгі кезеңнен тұрады. Біріншісі – қазақ тілінде ән орындау. Екіншісі – шетелдік хит әндерді орындау. Ал үшіншісі – жұлдыздармен бірге өтетін гала-концерт, яғни «Жұлдызды дуэт».

Жобаның ерекшеліктері мен артықшылықтарына тоқталар болсақ, байқау

шынайы өмірге негізделген реалисти-шоу форматта өтеді. Жобаға еліміздің түкпір-түкпірінен түрлі ұлт өкілдерінің балалары қатысады. Бірге өмір сүріп, конкурсқа дайындалған уақыт ішінде олар өзара достық байланыс орнап, бір-бірінің тілі мен мәдениетіне құрметпен қарай бастайды. Осы арқылы фестиваль қазақстандық ұлттар мен ұлыстар арасындағы татулық пен толеранттылықты нығайтуға зор үлес қосады.

«Жалпы, жоба – жас таланттарды қолдауға бағытталған әлеуметтік бастама. Қатысушылар музыка арқылы өз мүмкіндігін ашып, сахнада сенімді өнер көрсетуге үйренеді. 20 күн бойы бірге өмір сүру арқылы балалар достыққа, ынтымаққа, тілге және мәдениетке деген құрметке тәрбиеленеді. Сондай-ақ, үлкен сахнаға жол салады», – дейді жоба авторы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Айжан Нұрмағамбетова.

Жобаның осы кезге дейінгі жетістігін де ауыз толтырып айтуға болады. Мәселен, өткен 9 маусым ішінде 25 конкурс өткізілді, оның 8-і гала-концерт. 2500-ден астам өтінім қабылданған. 160-тан астам бала қатысқан. Қатысушылардың бірқатары халықаралық байқаулар мен телешоулардың жеңімпаздары атанып та үлгерген. Атап айтсақ, Asian Got Talent, Франциядағы халықаралық байқау, Израиль мен Ресейдегі «Голос дети», Украинадағы «Голос дети» сахнасында біздің жеткіншектердің мерейі үстем болды.

Иә, «Бақыт деген – сенің бала күндерің» бұл тек байқау емес, кішкентай өнерпаздардың үлкен сахнадағы алғашқы қадамы мен орындалған арманы. Ол – шығармашылықты, достықты, тіл мен мәдениетті ұштастыратын бірегей жоба. Бұл тележоба талантты балаларды елге танытып қана қоймай, олардың болашақта үлкен сахналарға жол салуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік-мәдени алаң.

Бүгін – фестивальдің соңғы күні. Шын жүйріктер марапатталады. Барлық өренге сәттілік тілейміз!

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: автордікі.



«Бақыт деген – сенің бала күндерің» – бұл 6–16 жас аралығындағы өнерді сүйетін дарынды балаларға арналған республикалық телевизиялық вокалдық фестиваль-байқау. Жоба алғаш рет 2017 жылы бастау алып, жыл сайын өткізіліп келеді. 2018 жылдан бастап байқау ре-